

Баггал Хасенұлы

Мейрам соғы



Баттал Хасенұлы

Мейрам сопы

**Туған жердің жөтасының тасы айтады,
Туған жердің зиратының басы айтады.
Өткенді елеп, өркендеп өскен елдің,
Мұрасын өрге сүйреп жасы айтады.**

Рамазан Батталұлы.



БАТТАЛ ХАСЕНҰЛЫ
(1926 - 1994)

Алғы сөз

«Қазақ атымен аталатын дербес әдебиеттің ағашқы өкілдері, өз кезінде бүкіл Дәшті-Қыпшаққа даңқы кеткен Асан Қайғы, Қотан тайшы, Қазтуған жыраулар мұрасын біз жаңаның басы ғана емес, көненің жалғасы деп те қарауға тиіспіз. Бұлардың біздің заманымызға жеткен шығармаларынан Әбілқайыр ұлысындағы бүліншілік, қазақтар көтеріле көшіп, тәуелсіз ту көтерген килы кезен көрінісі бедер тапқан. Сонымен қатар, халықтың өз кезіндегі елеулі тарихи оқиғаларға берген бағасы да танылғандай. Елге ұйтқы, ер-азаматқа ақылгөй болған жыраулар қазақ поэзиясының болашақта ұмтылар бағыт-бағдарын, идеялық тұғыры мен көркемдік биігін де айқындап кетті». («Бес ғасыр жырлайды». Бірінші том. «Жазушы» баспасы. 1989 жыл. 8-бет). Осында жазылған әңгілі Қотан жырау шөбересі Мейрамды өз тәрбиесіне алған екен. Оны адамгершілікке, еңбекқорлыққа, отансүйгіштікке, жыршылыққа ерінбей тайшы өзі баулыған.

«Сахара эпосын тудырушылардың бірі – ірі эпик, ерлік жырларың шығарушы жорық жырауы, әрі нәзік иірік болған Қазтуған өз артына өмір туралы, ата-мекен, туған ел жайлы және әскери тақырыптағы сан алуан мазмұнды туындылардан құралған мол мұра қалдырады. Бұлардың дені сақталмаған. Қазтуғанның біздің дәуірімізге жеткен жырлары табиғат аясындағы көшпендінің болмыс, тіршілік, өзін қоршаған орта туралы түсінігін бейнелейді. Жырау қиялының байлығы, суреттеу тәсілдерінің кемелдігі мен әсемдігі көне дәуірдегі қазақ поэзиясының биік өресін, өмірді сипатын танытады. Қазтуғанның ұлттық бояуы қанық, афоризмдерге, көркем тіркестерге бай, өр рухты толғаулары туған әдебиетіміздің таңдаулы үлгілері қатарына жатады». («Бес ғасыр жырлайды». Бірінші том. «Жазушы» баспасы. 1989 жыл. 8-бет).

Қазтуған жырау:

Бес сопы ағайынды Мейрам шешен,
Арғынның тайпасына болған көсем.
Көркіне көз тоймайтын сұлу еді,
Өзі батыр, қартайса да нұрлы әсем, -- деп
замандасы Мейрам сопының бар бітім-болмысын өлең
сөзбен керемет өрнектейді.

Өмірінде қиыншылықты, ауырлықты, кедейшілікті
көп көрген, бірақ, ойындағысын хан-төрелерден қорықпай,
сескенбей тура сөйлейтін Көтеш ақын (1745 – 1818)
Абылай мен Арғын арасындағы бір дауға байланысты:

Абылай, Ботақанды сен өлтірдің,
Есіл ер жазығы жоқ неге өлтірдің?
Хан басың қарашыңмен даулы болып,
Үстіне ақ орданың қол келтірдің.

Абылай, күйін кетті салған қалаң,
Мейрамға не еді сенің жапқан жалаң?
Жанайды дәл бүгін күн босатпасаң,
Болады ертең жесір қатын-балаң, --
деп айтыпты.

Осынау толымды деректерге сүйенсек, шамамен XV
ғасырдың ортасында күн кешкен Мейрам сопының келбеті
ерек, жойқын батыр, шыншыл, адал адам болғанын білуге
болады.

Ал, ақын Баттал Хасенұлы (1926 – 1994) оның өнегелі
өмірін «Мейрам сопы» атты шежіре-дастанда ардақтап
жырға қосқан. Аузы дуалы ақсақалдардан естіген-
білгендерін есейе келе зерделеп, салмақтап, тиянақтап, ол
қағазға түсіріп, ерінбей еңбек еткен. Мейрам сопының
көпке белгісіз қасиетті қырларын туындының өне бойында
сәтті аша білген. Ол кісі ешкімнен кем емес, ойы орамды
ақын екенін байкатады. Мәселен:

Ағаш, тал тау бойлары қарағайлы.
Ұшқан құс, жүгірген аң паналайды.

Сыланған ақ кайындар сұлу қыздай,
Теректер теңдесі жоқ жер талғайды, -- деп
киелі Сарыарқаның әсем табиғатын жүрегімен жырлайды.
Секемшіл бет моншағы үзілмеген,
Айдында ақ шабақтай дірілдеген.
Арманы аққу құстай аппақ таза,
Он бесте балғын шағы сезілмеген, -- деп, акын
үйсін Байназар бидің қарындасы Күпия қыздың
керімділігін келісті кестелейді.

Аршын төс, кең иықты, ұзын бойлы.
Өткір көз, биік қабақ, терең ойлы.
Қыр мұрын, түзу мойын, кара торы,
Тұтасып біткен дене, арқа жоны, -- деп ол
Мейрамның тау тұлғасын бедерлі бейнелейді.

Шежіре-дастанда акын Баттал Хасенұлы Мейрам сопының батырлығымен, ақиқатшылдығымен бірге оның Ұлы жүз бен Орта жүздің арасындағы туыстық сыйластықтың жан-жақты жандануына сүбелі үлес қосқанын басым баяндап, кеңінен көсіле суреттейді. Сонымен қатар ата мен баланың қалай таралуын да өлеңмен өрелі өрістетеді. Бұл туындыда акын қазақ тілінің ең байлығын, бейнелі тіркестерді, нәрлі нақылдарды шебер пайдаланып, жиі келтіреді.

«Мейрам сопы» атты шежіре-дастан қалың қазақтың қажетіне жарайтын тәлім-тәрбиелік мәні зор елеулі еңбек деп санаймыз.

**Сәбит Жанғылышбайұлы,
республикалық «Ән шашу» газетінің
Бас редакторы.**

Шежіре деректері

Бір Аллаһ жәрдем берсін әуел бастан,
Бастадым бұл ойымды алпыс жастан.
Естіген үлкендерден шежіре еді,
Жарыққа шығарайын мен бір дастан.
Кешегі өткен баба, қариялар.
Қалдырған сөзін дана жариялар.
Ақын, жырау хат қылып жазған екен,
Кейінгі жас ұрпақтар тәрбие алар.
Сондағы жақсылардың шежіресі,
Қалдырған ел аузында әңгімесі.
Бар мұсылман ұрпағын таратқанда,
Жазылып хатқа түскен көшірмесі.
Қарасаң толған дәлел, деректер бар,
Жерінде қазағымның көп тайпалар.
Солардың түп тамырын қазақ дейміз.
Кімнен, қашан туғаны толғандырар.
Көрейін мен де ойымды жалғастырып,
Яфестен тайпалары болған түрік.
Оғыз ханнан бермен қарай мұсылман боп.
Өмірге келіңті ғой Қыпшак туып.
Оғыз хан мұсылманды қайта құрған,
Түріктің ұрпағы еді адал туған.
Соғысып, мұсылман ғып талай елді.
Көнбеген кәпірлердің көбін қырған.
Оғыз ханның бір бегінің әйелінен,
Өмірге жаугершілік кезде келген.
Ұл еді Қыпшак қойған есімін хан,
Өзі асырап, өсіріп енші берген.
Еділ, Жайық, Тын¹ суының жағасында,
Хан өлген соң, үш ғасырдай шамасында,
Болыпты Қыпшак елі бір мемлекет,
Хан ордасын құрыпты ел өз басына.

¹ Тын – Дон өзені.

Менінше, осы Қыпшақ Қазақ шығар,
Қуыста қысылып туған жалғыз шынар.
Осе келе көтерген шаңырағын,
Жағасына Еділ, Жайық жері құнар.
Тағы да бір дерек бар оқыңыздар,
Әрқайсысы өзінше қылар құмар.
Мен жазайын естігенді, оқығанды,
Оқымысты тарихшылар өзі сынар.

* * *

Алаштың бір баласы Жұман екен.
Осыдан Кейкі, Төбей туған екен.
Үйсіннің түп атасы Төбей болса,
Қазағым өз отауын құрған бекем.
Кейкі, Төбей бір кезде аталары.
Бір заман Хуннулармен қатар уағы.
Көшіп жүрген тайпалар әр тарапта,
Емес пе екен қазақтың ұрпақтары?
Атасын Ұлы жүздің «Үйсін», -- деген,
Соғысқан бір кездерде Гүндерменен.
Қыз алған қытайлармен құда болып,
Ғасырлар бізден бұрын өмір сүрген.
Құрамын тайпалардың «Арыс», -- деген,
Жерінің ыңғайына таныс мекен.
Бастарын қоса алмаған Қазақ елі,
Ұлысы¹ тайпалардың алыс екен.
«Ақ арыс», -- деп атапты Ұлы жүзді.
Алаштын ұрпағынан ұлы, қызы.
Төңірегін Алатаудың, Жетісудың,
Мекендеп тайпалары көшіп жүрді.
Ақ көңіл, ақ пейілді адамдары,
Көп болған Жерұйықта жиған малы.
Үйсіннен тарайды екен кейінгі елі,

¹ Ұлыс – мекен жер.

Қытаймен шекаралас мекен-жайы.
«Жанарыс», – деп атаған Орға жүзді,
Құралған тайпалары алты түрлі.
Арғын, Найман, Керей, Уак, Қоңырат, Қыпшақ,
Қимакия¹ -- Сарыарқа мекен жері.
Кісілер әр тараптан араласқан,
Бастары бірікпеген әуел бастан.
Шырайлы ұлыс іздеп көше берген,
Жері жоқ шаһар салып орналасқан.
Кіші жүзді атаған «Бекарыс». – деп,
Біріккен Алшын, Әлім, Байұлы боп.
Ноғайлы мен Қарақалпак араласып,
Болыпты тайсалмайтын бәрі ер жүрек.
Түп қазығы бұлардың да бабам Алаш,
Болмаған тайпалары көп аралас.
Шашырап көшіп-қонып жүре берген,
Бекініс шаһарлары болыпты аз.
Бір кезде хан сайлаған шаһар салып,
Топ-топ болып жиналыпты арып-талып.
Осылар құралғанша басын қосып,
Шыңғыс хан қарсы шыққан қаһарланып.
Орнамай Керей, Найман ынтымағы,
Шыңғыстың алдауына ұрынады.
Сұм хаһан жеңілгенін қосып алып,
Жеріне қалың қазақ ұмтылады.
Хан сайлап балаларын төре қылып,
Күл қылған қазағымның жерін ұйық.
Қажымас олар дағы қарсыласқан,
Соғысып Отырарда алты ай жуық.
Көп шығын болған екен қазақ халқы,
Қоныс таппай қаңғырған көбі жалпы.
Он алтыншы ғасырда бөлшектеніп,

¹ Қимакия – Ертіс өзені.

Үш жүзге бөлініпті акыры арты.
Бұдан бұрын болыпты Әбілқайыр хан,
Жия алмаған қазағын шашыраған.
Сұлтандар Жәнібек, Керей өз бетімен,
Шу бойында бөлініп хандық құрған.
Осы кез казак болып атак алған.
Белгісіз арғы тегі шыққан қайдан.
Кезінде Қасым ханның Орда құрып,
Бірігіп үш арыс ел канат жайған.

* * *

Ғалымдар тапқан сүйек-канқаларға,
Ат койғыш келеді екен аталарға.
Қазактың түп атасын таба алмай,
Әлі жүр бөлін-бөліп тайпаларға.
Үш арыс болса керек елдің аты.
Адамдар басын косқан жұрағаты.
Аталас, ағайындас кандастар,
Бірінен-бірі туған арғы заты.
Көрейік шежіресін сол ғасырдың,
Сырларын салыстырып көп жасырын.
Қуалап мұсылманның шыққан тегін,
Аталарын іздестірсек Қазағымның.
Сонау кез Ибраім пайғамбардан,
Туыпты Ысмайыл, Ысқақ екі анадан.
Қазіргі Арап, Түрік халықтары,
Тараған көрінеді осылардан.
Бір ұрпағы Әннас деген сакабадан.
Діншілер бөлініпті бар мұсылман.
Охас, Мадат, Ғажат, Сыбай балалары,
Ұлысы осылардың Орталық Азиядан.
Мадаттан ұрпақ болып тарағандар,
Тоғауыз, Сарт, Ұйғыр және Қашқар.
Охастан және төртеу тарайды екен.
Қарашай, Түрікпен, Құмық, Балхар.

Ғажаттан Ноғай. Татар, Башқұр халқы,
Мұсылман тегісімен бұлар жалпы.
Сыбайдан жалғыз Алаш туған екен,
Балалары Сейілхан. Жайылхан екеу арты.
Сейілханнан тараған Қыпшақ, Қанлы,
Тұқымы түріктерден атасы арғы.
Тағы да Құман, Жұман екі ұлы бар.
Сыймаған жер бетіне жиган малы.
Жайылханнан туған екен Сидан. Стан,
Қазақтар осы атадан шаңырақ құрған.
Сиданнан Өзбек туған өз атамыз.
Бір кезде қанымыз бір, бірге тұрған.
Станнан таралыппыз біздер қазақ.
Тағы да екі ұлы бар Ұзақ, Созақ.
Ұзақтан жақын Қырғыз ағайындар,
Созақтан тарайды екен Қарақалпақ.
Бұлардың қашан отау құрғандарын,
Білмедім қашан, кімнен туғандарын.
«Түріктен түп атасы», -- деп айтар қазақ.
Діндарлар бір Аллаһқа иланғанын.
Дәлелдеп көрейікші мұсылманды,
Бұл дінде олар-дағы қалай нанды?
Қазақтың тайпалары ұлыс іздеп,
Арабтарға Сыр бойында жолығады.
Аллаһтың аманаты жерге деген.
«Оқысын, халайык!» -- деп дінде сенген.
Төрт кітап көк аспаннан түскен екен,
Шариғат өсиетін білсін деген.
Мұсаға арнағаны Таурат екен,
Дәуітке жазылғаны Забур деген.
Ғайсаға тапсырғаны Інжіл болса,
Мұхаммедке Құранды табыс еткен.
Алты жүз отызыншы жыл шамасы,
Арабтар мұсылманның дінін ашты.
Аллаһтың әмірімен табыс болған --

Төрт кітап расулдарға діл жобасы.
Бұлжытпай Құран сөзін орындаған,
Кезінде дінге сенген бар мұсылман.
Ол үшін қырғын соғыс басталыпты.
Шаһит боп кеткен екен көптеп адам.
Мұсылманды басқарған дәу баһадүр¹,
Халифтардың² алғашқысы Әбубәкір.
Одан соң Омар, Осман, Ғазретәлі,
Соғысқан ар қуалап жүздеген жыл.
Африка, Армян, Әзірбайжан һәм Сирия,
Палестин, Иран, Египет, Византия,
Бұлардың барлығын да жаулап алған,
Жерлерін Кавказ, Татар, Орта Азия.
Орнатқан мұсылманның дінін берік,
Бағынған ұлттары көп оған сеніп.
Көп жерін Қытайдың да басып алған,
Арабтар мұсылманға теңдік беріп.
Ұлттары ол кездердің дінге талас,
Құранға сенбегенді деген топас.
Көшпелі қазақ халқы атаныпты.
Ұраны, аргы атасы, бабасы Алаш.
Аллаһ біреу. Мұхаммедті пайғамбар деп,
Құран шын. Жамағаттар сену керек.
Сопылар түсіндірген өз халқына,
Мұсылман екендерін шын дәлелдеп.
Алаштан бергі атасы біздің қазақ,
Ғасырлар көшіп-қонып тартқан азап.
Өмірге келуің бар, өлуің хақ,
Солайша өсіп-өнген бар адамзат.
Көрді олар өмірдің тар қысымын да.
Жүргенде жаугершілік қысуында.
Көшіп-қонып халқымыз жүре берген,
Мал бағып сенген қару-құрығына.

¹ Баһадүр – батыр, қолбасшы.

² Халифа – тақ несі, патша.

Үш тайпа

Тайпасы Арғын, Найман, Керей, Уак,
Бір шеті Қоңырат пен кара Қыпшақ.
Үйсін, Майқы, Байұлы, Алшын, Әлім,
Шашыраған осылардың бәрі казак.
Жеңілген Шыңғыс ханнан ұрпақтары.
Болмады мекен-жайы, тұрақтары.
Қысымынан Монғолдардың көше берген.
Барыпты Байқал қолге жырақтағы.
Жері бар Солтүстіктің өте салқын.
Қысы ұзақ, азабы көп қалың қардын.
Жаз көшіп бір қыстаған сондай жерді,
Атаған бір өзеннің ағын Арғын.
Бабамыздың атында осы озен.
Жаратқан тағдыр ісі көрсін деген.
Жаугершілік заманында көшіп жүріп,
Ұрпағы Арғын ата өмір сүрген.
Аралап Саян, Алтай тауын кезіп,
Мекені Сарыарқадай жерден безіп.
Ұрпағы Найманның кара Қыпшақ,
Шыдай алмай қорлыққа жүрген көшіп.
Моңғолдың қысымына көнбей кеткен.
Жауыздығы Шыңғыстың кетпес естен.
Жағалап Байқал көлден қоныс іздеп.
Бойынан Саян тауы орын тепкен.
Босанып Хуннулардың¹ құлдығынан,
Шегінген бойларынан Орхон-Онан²,
Байқалдың әр өзенін мекендеген.
Тайпасы Арғын, Қыпшақ, Найман.
Арғынның болған екен мекен жері.
Өзені «Аргун» құятын Байқал көлі.
Көрейік айналасын, елін-жұртын.

¹ Хунналар – гүн-түріктер.

² Орхон-Онон – Енисей өзені.

Бар екен осы көлдің қандай сыры?
Оның көлемі кең жер жүзінде,
Үш жүздей өзен құйған бір өзіне.
Тереңдігі тең келмес түбі жоқтай.
Отыздай аралы бар төңірегінде.
Соларды мекендеген әрбір ұлттар,
Болған соң суы дәмді, тұщы ұрттар.
Ұйғыр, Қырғыз, Бұлағын¹ казактардан,
Тозығы толып жатыр ескі жұрттар.
Байқалдың күнгеі жағын мекендеген,
Тува, Якут, Бұлағын түрлі тілден.
Қаз көлін, Саян тауын саялаған,
Кісілер көшіп-қонып жүре берген.
Бойында Хемчик өзені, Саян тауы,
Болыпты Қыпшақ, Найман қоныс аулы.
Ұлысымен Тува, Хахас шекаралас,
Достасып тату болған аралары.
Бұдан соң талай заман уақыт өтті,
Көріпті тар заманда қасіретті.
Хан сайлап қазақ халқы отау құрған,
Сарыарқа алтын бесік жерге жетті.
Тұрақты болмаған соң мекен жері,
Күнде шабыс, жаугершілік төңірегі.
Қозғалған ата қоныс Сарыарқаға,
Бауырлас Арғын, Найман, Қыпшақ елі.
Наймандар Ығай-Сығай тайпа елі,
Мекендеп қалған екен Алтын көлді.
Арғын, Найман, Қыпшақтар көшіп-қонып,
Ақыры тұрақ болған Арқа жері.
Хан еді Орда құрған Әбілхайыр,
Болмады оның дағы түбі қайыр.
Шыңғыстың сіңіп кеткен ұрпақтары,
Қаны аралас қазақпен болды тәуір.

¹ Бұлағын – Бұйратлар.

Бәрібір де оның ұрпақтары,
Белгісіз ата, тұқым тұрақтары.
Қыз алып казактардан ұрпақ шашқан,
Бертінде болған тамыр-туыстары.
Тайпасын казактардың біріктірмей,
Халқымды үшке бөлген хандар сенбей.
Жиналған Жетісуда хан ордасын,
Бөлектеп әкетіпті Жәнібек, Керей.
Он бесінші есеппен ғасырларда,
Хан болған Әбілхайыр уақыттарда.
Арғынмен аралары бірнеше ата,
Болыпты Ақжол есімді Дайырқожа.
Ханның болған ақылшы биі Ақжол,
Жаны ашыған халқына ақылы мол.
Батыры қара Қыпшақ Қобыланды,
Болыпты бірі оны, бірі сол қол.
Екеуін де хан жақсы көреді екен,
Жерінде көшіп-қонып елдімекен.
Бакталас ол кездерде орын алған,
Өштесіп екеуі іштен жүреді екен.
Анда жүрген кезінде Дайырқожа,
Кездескен Қобыландыға оңашада.
Ашумен найза салған кеудесіне,
Құлаған ат үстінен Қожа сонда.
Дайырқожа досы екен Жәнібектің,
Ақылшысы, ақыны болған көптің.
Қобыландыны өлтір деп өтініпті,
Хан көнбеген орны жоқ деп бұл тілектің.
Сол кезде сұлтан еді Әз Жәнібек,
Алатау ауып кеткен ханға өкпелеп.
Туысы Тоқылық ханға барған екен,
Қашқардан өз халқын ертіп келмек.
Қазақты жиган екен Шу бойына,
Бөлініп Әбілқайырдан өз жайына.
Хан болған Үш жүздің басын қосып.

Өз Жәнібек атанған сол маңайға.
Білмеймін әлде шыны, не білместік,
Жазынты бір уақытта Мәжһүр-Жүсіп.
Қазақты шежіремен таратқанда,
Толық емес кей жерлері үзік-үзік.
Белгісіз Арғын ата бабалары,
Бес сопымен тарихтағы аралары.
Артына толық шежіре жазбай кеткен.
Қазақтың өткен шешен даналары.
Арғын мен Бес Сопының арасында,
Баршылығы бірнеше ата расында.
Білмедім кімнен туған бұл сопылар,
Жазбаса шежіреде табасың ба?
Бес Сопы екі әйелден тарайды екен,
Алғашқы Сарыарқаны еткен мекен.
Арғын мен Бес Сопының аралары.
Көп ата бары мәлім жері бөтен.
Біреулер Қотан тайшы¹ дейді әкесі,
Біреулер дейді оны қателесті.
Дайырқожа Ақжол дейді біреулері.
Мәлімсіз шежіренің мәлімдемесі.
Әйтеуір, бес сопының болғаны рас,
Ергүлден Мейрам туған ол жалғыз бас.
Баладан тоқтаған соң өз еркімен,
Момын қызды еріне қосқаны рас.
Бұл дастан Мейрам сопы туралы аңыз,
Туыпты бәйбішеден кенже жалғыз.
Әкесін Қарақожа деп естіп ем,
Білмесем де шежіреден дәлдеп нағыз.
Ақжол би атанған Дайырқожа,
Қотантайшы әкесі көп жасаған.
Ақжолдан Қарақожа туса керек,
Қотан жырау бауыр басып асыраған.

¹ Тайшы – ақын-жырау.

Жазайын еске салып өткендерді,
Бұл күнде ескерусіз кеткендерді.
Бес соны Орта жүзде аталыпты,
Шежіреден бізге анық жеткендері.
Солардан тарап рулар бөлінеді,
Қыз алысып, қыз беріп кейінгі елі.
Орта жүз атанған енші алып,
Мекені Сарыарқада туған жері.
Қазақта білетұғын шежірені,
Көп еді-ау оқығандар, кемеңгері.
Құртты ғой жаламенен барлығын да,
Біздерді «Білімсіз», -- деп не демеді?
Байсалбайдың баласы Ақыметбек,
Сөзге шешен, ақылды ақын десед.
Сол кісінің аузынан естіп білген,
Әкеміз әңгіме еткен бізге өсиет.
Кешегі алаң-күлең замандарда,
«Топалаң» тиген екен адамдарға.
Ел жақсысын іріктеп қамауға алған,
Құтқару қолдан келмес амал бар ма?
Оқыған талай сабаз кете барды,
Күйе жағып, таңба тағып «халық жауы».
Солардың бірі болды Ақыметбек,
Шежіресін шығара алмай жанбай бағы.
Менің әкем Хасен аты сауатты еді,
Жас болса да ісіне жауапты еді.
Аға тұтып, ақынның аузын аңдып,
Маңызды аңызына санатты еді.
Ақыметбекпен үзегілес жүрген әкей,
Інісіндей көрінгі шетке теппей.
Қасына ертіп жақсылармен дәмдес болған,
Дәмді сөзін жаттаған жерге төкпей.
Мейрамның бар баласын таратып ед,
Баласы Байсалбайдың Ақыметбек.
Жегі Момын тарихын коса айтқан.

Біз бала ол кездерде не білуші ек?
Әкейдің айтуымен есте қалған,
Шежіресі бабалардың өткен заман.
Мейрам сопы өмірін баяндайын,
Бұдан бұрын емес еді хатта жазған.
Көп жыл бойы кетпеп ед елегімнен.
Сол әнгіме жарық көрсін енді өмірден.
Ертегідей дастан етіп мен жазайын.
Тарқар ма екен ішкі шерім көңілден?
Болғаны рас тарих куә сияқты.
Өтіпті ғой талай жылдар тұяқты.
Еске алмасак өткендерді біз бүгін.
Кейін қалар ұрпақтардан ұяқты.
Кешір, халқым, көңіліңе конбаса,
Кей кезінің қисын сиқы толмаса.
Тату болар арттағы ізбасарлар,
Аталарын жырласам мен сырласа.
Мен жазбадым біреулерден сөз ұрлап,
Адал тыңда, оқушылар, құлак сап.
Бұрмалаған шежірені жөн емес,
Айтқан жөн ғой дәл әділін дұрыстап.
Көтермелер өз руын білмесе де.
Қағарында жақсының жүрмесе де,
Ондайлардан сақтық еткен дұрыс кой.
Бас қосқанда сөз айтып тілдесерде.
Басғайын Мейрам сопы хикаясын,
Бұрынғы өткендердің құпиясын.
Бабамыз бұрынғылар тату болған.
Оқысыншы жастарым оқиғасын.



Ел ағасы

Қазақтың мекен жерін ұлыс деген,
Шашырап тау жағалап, сайды кезген.
Бір шеті Алтай, Алатау мен Қаратауда,
Жетісу, Сарыарқада еткен мекен.
Солардың бір ұрпағы Арғын бабам,
Жер ауған жаугершілік барымтадан.
Ұрпағы сол кісінің осы күнде,
Еңгі алған Орта жүз боп Сарыарқадан.
Атанған Бес сопы, жеті Момын,
Мекендеп осы жерге тепкен орын.
Арғы атасы Арғыннан тарайды екен,
Ел болып өсіп-өнген жазбай тобын.
Қотан гайшы сол бабаның бір ұрпағы,
Өзі жырау, өзі би ел ағасы.
Көшіпті есін жиып елін іздеп,
Ұлысына Сарыарқада сар даласы.
Бес сопы Қара кожа балалары,
Ергүлден Мейрам жалғыз атанады.
Екінші әйелі Момыннан және төртеу,
Осы бесеу Арғын аға шаңырағы.
Момыннан Ақсопы, Қарасопы,
Тағы да Сарысопы, Тәмбісопы.
Бәрі де рулы ел боп өскен екен,
Жерінде Сарыарқаның жазық шоқы.
Ақсопыдан Тобықты, Қанжығалы,
Қарасопыдан Бәсентиын, Қарауыл рулары.
Сарысопыдан Атығай қалың елі,
Тәмбіден Шакшак, Сарыжетім балалары.
Осылар жеті Момын атанады,
Орта жүз Арғын болып аталары.
Аралаң Байқал көлін, Орхон жерін,
Бертінде Сарыарқаға оралады.
Мейрамның арғы атасы Қотан арыс,
Басынан өткізінгі талай сайыс.

Соғыста жараланып мағрифат¹ ізден,
Бұхар, Яссы, Шаш жерін қылған қоныс.
Баласы Дайырқожа ерте өлген,
Қарақожа тайшыға немере екен.
Шөбересі Мейрамды бауыр басып,
Асырап Қотан жырау білім берген.
Қартайып қайтыс болған Қотан акын,
Халқына қадірлі болған жақын.
Өсіпті Мейрам сопы білімі бар,
Құдайым жарылқаған оның артын.
Би болған Қотан жырау өз тұсында,
Тайпасы түскен екен көп қысымға.
Алғашқы барған жері Шу бойында,
Содап соң қосқен екен Сарыарқаға.
Қазақтың жері жазық, аймағы кең,
Әр жерінде хансыз олар өмір сүрген.
Малға жайлы өзен бойын мекен еткен,
Би сайлап әр тайна ел бөлек жүрген.
Солардың бірі болған елі Қотан,
Бертінде Сарыарқаны қоныстаған.
Өмір, шіркін, өзгермей тұрмайды екен,
Хан сайлап Жетісуда құрған Отан.
Баласы Дайырқожа ханға кеткен,
Жерінен Жетісудың орын тепкен.
Ақылшы Ақжол биі болған ханның,
Ошiккен Қобыландыдан ажал жеткен.
Баласын Қарақожа жалғыз қалған,
Қотан жырау көшіріп аң асыраған.
Мейрам сопы сол жожадан туса керек,
Сол тайшы бауырына өзі салған.
Бала он беске келгенше Қотан тірі,
Үйреткен бойындағы бар өнерді.
Сайыстың да әр түрін үйретіпті.

¹ Мағрифат – білім, ғылым, өнер.

Оқу, жазу ол кезде араб тілі.
90-нан аса Қотан дүние салды.
Жиналған артта қалған барша халқы.
Қазаққа қадірлі еді заманында,
Өзіндей жақсы болса оның арты.
Шөбересі Қотан жырау Мейрам сопы.
Болса да бәйбішеден баласы олқы.
Болыпты өзі батыр, әрі шешен,
Басқарған білімімен шаршы топты.
Ұлысы сол сопының осы арада,
Ұлытау, Асанқайғы¹, Көкше, Қарқарада.
Бейнелеп көрейікші Сарыарқаны.
Тұсында әр заманның түскен сынға.



Асанқайғы – Жанаарқа өлкесі.

Сарыарқа

Тынымсыз сипай сокқан самал желді.
Боз жусан, сұр бетеге төңірегі.
Көп бұйрат, қыраты мен сай салалы,
Когілдір таулары бар Арқа жері.
Оның таулары бар әсем биік,
Бұлдырап тұратұғын бұлтқа тиіп.
Табиғат тамашасын аямаған,
Төсіне еркелерсің жанын сүйіп.
Арқаның асқар тауы қырка белі,
Гүлденген жасыл орман төңірегі.
Қырмызы қызғалдақтар түрлі-түрлі,
Кең шалғын жазық жатқан кейбір жері.
Ағаш, тал тау бойлары карағайлы,
Үшқан құс, жүтірген аң паналайды.
Сыланған ақ-қайыңдар сұлу қыздай.
Теректер теңдесі жоқ жер талғайды.
Шалқар көл, өзендері тарам-тарам,
Тауынан аққан бұлақ баяу, сылаң.
Шашындай ақ арудың өрім-өрім,
Өзекті өзені бар үзік бұлаң.
Ақбөкен, марал, елік, арқар, киік,
Әр түрлі аңдары бар ұшқыр жүйрік.
Жыртқышы азу тісті, түсі суық,
Бәрі де сол Арқаға жүрген сыйып.
Құстары әнші-жыршы неше түрлі,
Толғаған тамылжытып өлең-жырды.
Қаз, үйрек көл бетінде кіку салып,
Аққудың естен кетпес әсем үні.
Бозторғай шырылдайды таң сәріден,
Сайраған бұлбұл, көкек әнші әнімен.
Қалқыған көк аспанда алуан құстар,
Бәрі де жарасады өз сәнімен.
Торт түлік мал жайылған ойлы-қырға,
Ел қонған төңіректен жазығына.

Қыс қыстап, жаз жайлауда еркін өскен,
Кәсібі атам қазақ жылдан жылға.
Арқаның өзені бар Тобыл, Есіл,
Жер-ана ел қонбаса болар жесір.
Ертістен Есіл тарап қайта күйған,
Аралап Арқа жерін жарасып бір.
Керіліп Тобыл кетті өз жайына,
Қарамай Есіл сұлу ынғайына.
Орманды орыс жерні шеттей өтіп,
Жөнелді Ақжайықтың баурайына.
Өртүрлі таулы қырағ, дөңестерден,
Басталған сулары бар жырма өзен.
Солардың ұзыны да, тұщысы да.
Құятын Қорғалжынға Нұра деген.
Ұзын-ау, иреленген өзен бойы,
Қоршаған шілік тағды толық қойны.
Күмістей мөлдіреген суы таза,
Қиылған қыпша белі кейде жонды.
Бойларын ағағы зор Есіл, Нұра,
Көк, жасыл түрлендірер көктем шыға.
Ұрпағы Мейрам сопы емін-еркін,
Жайлаған төрт түлікпен жылдан жылға.



Ұлы жүз

Атақты Майқы биден тарағандар,
Бақтияр, Үйсін, Ақсақал, Жансақал таңбалылар,
Баласы осылардың басын қосып,
Ұлы жүз шаңырағына саналғандар,
Атаған Абак таңбалы деп Ақсақалды,
Інісін Тарақ таңбалы Жансақалды,
Бел баласы Үйсіннің Ұлы жүзде,
Мекені Жетісуда һәм шаһары,
Қараша Ақсақалдың бір баласы,
Бәйдібек одан туған ел ағасы,
Сары үйсін, Жарықшақ сол кісіден,
Құралған рулы болып ел арасы,
Албап, Суан, Дулат Жарықшақтан,
Ысты, Ошақты Шапыраштыдан,
Жансақалдан тараған көп Жалайыр,
Осылар Ұлы жүздің басын қосқан,
Ұрнағы Бәйдібектің Байлы екен,
Кейіннен Байназар би атып кеткен,
Бір туған қарындасы Күпия қыз,
Жетісу аймақтарын еткен мекен,
Еркелеп еркін өскен Күпия қыз,
Ақ жүзі кір шалмаған балауса қыз,
Қыпша бел, қаракат қоз мөлдіретен,
Бейнесіндей аспанда Шолпан жұлдыз,
Секемшіл бет моншағы үзілмеген,
Айдында ақ шабақтай дірілдеген,
Арманы аққу құстай аппақ таза,
Он бесте балғын шағы сезілмеген,
Қыз бала ерте өсіп, бой жетеді,
Ет жүрегін әркімнің тебірентеді,
Біреуден біреу естін алыс-жақын,
Хабары жас сұлудың тез жетеді,
Асыл би Шапырашты бір баласы,
Ағайынды Ысты, Ошақты ел арасы.

Қыз алып, қыз беріскен Орта жүзге,
Ұрпағы Бәйдібектің тумаласы.
Бес шамның бірі Асыл елі алыс,
Жаксылары Орта жүздің болған таныс.
Бір жиында кездескен екі дана,
Қалмаған құрылтайдан істен қағыс.
Дос болған содан кейін Асыл, Мейрам,
Біріне бірі барып қонақ мейман.
Арудың сымбатын, кереметін,
Екеуара сыр ғып мағлұмдаған.
-- Күпиядай сұлу жан жаратылмас,
Терең ғой ақыл-ойы бойында жас.
Әкеміз әкесімен бір туысқан,
Немере маған болады ол қарындас.
Барайын мен де еріп сеніменен,
Жылдан асты елімді көрмедім мен.
Сыңары сол аккумуляды сен шығарсың,
Армансыз ғой қосылғандар өз теңімен.
Ал, достым, қамданайық көп кешікпей,
Әкелгенше әзірше елге естіртпей.
Шығайық саудагердің бейнесімен,
Алыстағы бикешті көп телміртпей.
-- Жарайды, Асыл достым, қамданайық,
Қарындасың тәңір қосса бізге лайық.
Баласы Ұлы жүз бен Орта жүздің,
Болғаны құла аралас болмас айып.



Құдалық сапар

Аршын төс, кең иықты, ұзын бойлы.
Өткір көз, биік кабақ, терең ойлы.
Қыр мұрын, түзу мойын, кара торы,
Тұтасып біткен дене, арқа жоны.
Көк тұлпар, көк сауыты жарасымды.
Он сегізде өні жас баласынды.
Асынып бес қаруын Мейрам бағыр,
Жүрем деп жолсапарға аласұрды.
Жүз жылқы таңдап алды қалың малға,
Тағы да тартуы бар тоғыз нарға.
Киініп барлығы да саудагерше,
Аттанды отыз жігіт ұзын жолға.
Асыл, Мейрам басшысы керуеннің,
Жолын берсін демекпіз серуеннің.
Аман жетсе Арқадан Жетісуға,
Қарақшыға жолықпай кезі келген.
Аңдыған көп болатын арамзалар,
Керуендерді аямай жүрдай тонар.
Даланың бөрісіндей із кесетін,
Ұшқыр ат, қайқы қылыш жонғарлар.
Соғысып жеңілген соң жонғар халқы,
Топ құрып қарақшылық болды салты.
Алаңсыз жатқан ауылдарды,
Госыннан тобыменен талай шапты.
Аттан түспей бекеттің жігіттері,
Бес қаруын асынып іріктелді.
Қолға түскен дұшпаны -- құлы болды,
Кәдімгі «қарақұлак» жұмыскері.
Саяк жүрген Мейрам тобы жолын шолып,
Жатарда түнгі мезгіл саякшы қойып.
Бірақ та жолықпады қарақшылар,
Құртатын керуеннің көзін жойып.
Жүрді олар Мойынкүм Бетпақ даласымен,

Көз тартар Көктеңіздің¹ жағасымен.
Бойымен Шүйлік² өзен кесіп өтіп,
Кезіккен келеді ауыл арасымен.
Бір айдан астам уақыт шамасында,
Жолаушылар көрді елдің қарасын да.
Шұбатылған ұзақ жолдан аман-есен,
Жетгі, әйтеуір, Жетісудың жағасына.



¹ Көктеңіз – Балқаш көлі.

² Шүйлік – Шу өзені.

Байназар елі

Ыдырап Алтын Орда Шағатай, Жошы өлген,
Сұлтанлар ел басқарар кезі келген.
Аталып бес таңбалы Шу бойында,
Қазақ боп хан сайланған. енші берген.
Алғашқы хан Әбілхайыр, Әз Жәнібек.
Керей Сұлтан әйгілі атақты бек.
Арғын. Керей. Найман. Үйсін. Дулат.
Атанған қазақ елі «Бес таңбалы», – деп.
Бұл дәуір Қасым ханның заманында.
Атанған қазақ ел боп саналғанда.
Айбынды. қорғаушы батырлары.
Орақ тілді шешен де бар Отанында.
Солардың бірі Үйсінде Байназар би.
Жұртына сыйлы көсем. жанашыр би.
Қасым ханның қасқа жолын әділ ұстап.
Ханнан алғап қабылдап бірнеше сый.
Байназар құрметтейді қонақтарын.
Қабылдап сый тартушы бәрін берген.
Оңаша үй тіктіріп малын сойып.
Күтеді қарсы алып құдаларын.
Бас құда әрі туыс Асыл мырза.
Мейрамды ертіп келген Күпия қызға.
Ата-анасы, ағасы келіскен соң.
Құдалыққа екеуі болған ырза.
Араласқан бұл іске Асыл өзі,
Мақтанатын досына келді кезі.
Мәжілісінен туыстар шыққан беті,
Мейрамға қуаныш хабар айтқан сөзі.
-- Жан достым, жол болды, сөз байладық,
Бөлек отау екеуіне ыңғайладық.
Жеңгелер Күпияны ертіп келер.
Кешке қарай шам жаға көз байланып.
Сөйлесіп, тіл күрмеліп жарасарсын.
Ұйықтамай, кірнік қақпай таң атарсын.

Ләззаты сол бір кештің естен кетпес,
Көрерсің махаббаттың тамашасын.
Жүректің тыныш тауып ішкі сыры,
Екі дос әзілдесіп біраз тұрды.
Мұндайда уақыт, шіркін, тез өтпейді,
Әлі ерте мезгіліне ымырт түні.
Қызарып, қымыз ішіп шықты сыртқа.
Күн ұзақ бұл мезгілде түні қысқа.
Ауылдан ұзаққырап бұл екеуі,
Кеш бата аяңдады отау тұсқа.
Асықпай шолып алды осы маңды,
Сырты көркем, жасаулы іші сәнді.
Жиналған қыз-жігіттер қатар түзеп,
Құбылтып, құйқылжытқан әсем әнді.
Жастар тұрып, оларға орын берді,
Күйеуді келген іздеп бәрі көрді.
Әдеппен домбыраны безілдетіп,
Күйеуді мақтап келіп деді: -- Тені.
Бір топ қыз сүй-сүйкімді үкі таққан,
Жақындады ақырын бөтен топтан.
Қамыстың сыбысындай сұлу үнді,
Күлісіп, қалжыңдасып, сыбырласқан.
Қалыңдық шымылдықтан шықты тұрып,
Сәлем берді баршасына тізе бүгіп.
Уыздай аппақ екен, кір шалмаған,
Көрінбеді кейін қарай қайта кіріп.
Кілең жас кезек-кезек әнге салып,
Қарқынмен қыза түсті ойын-сауық.
Етін жеп, қымыз ішіп, алғашқы түн,
Жарасқандар табысқан теңін тауып.
Дүйім жұрт тамападан тарқағанда,
Екі жас бір-біріне жанасар ма?
Тып-тыныш отау іші тым қараңғы.
Қос ғашық еркін қалды оңашада.
Той тарап, көз ұйқыға ілінген кез,

Бозарып таңнан сәуде беріп сен тез,
Ойланып, ойна қалып жігіт отыр,
Уағда бойынша айтылған сөз,
Коруге зейін салып Күпняны,
Келіскен келбетіне киім сәні,
Көтерді шымылдықтың нерделерін,
Көрмеген мұндай сұлу Мейрам әлі,
Жақындай жас сұлуға келді мырза,
Мінезі мен түріне болып ырза,
Қолтықтап қасына әкеп отырғызды,
Содан соң, сөз бастады ару қызға.
-- Таранған аққуындай айдың көлің,
Күпня ақ жүзіңді жаңа көрдім,
Аспанда аңсыраған қыран едім,
Арқадан Жетісуға іздеп келдім,
Көргенде дидарыңды көңілім пат,
Анадан артық туған сіз перизат,
Ырзамын жан достыма ертін келісін,
Сенде екен аңсағаным шын махаббат,
Күлімдеп күбірледі Күпня жас,
Беріліп бал сезімге балқыған мас,
Атағын Мейрам мырза бұл да естіген,
Қосылса бұдан артық жар табылмас.
-- Сіз бе едің Орта жүзде шешен мырза?
Қол созған алыстағы біздей қызға
Әйел жолы жіңішке нәзік жанды,
Ағайға Асыл мырза мен де ырза,
Осылай табысады бұл екі жас,
Ләззатына махаббаттың бөленіп мәз,
Мекенін Жетісудың биыл қыстап,
Қайтақшы Арқа еліне келесі жаз,
Тойға арналып тігілген бірнеше үй,
Ат шаптырды аймаққа Байназар би,
Жиналды осы маңға кәрі, жасы,
Қалдырып қалыңдыққа оңаша үй.

Ат жарыс, балуан күрес, той дабылы,
Көкпар тартып, биіктен жамбы атылды.
Алтыбақан құрған жастар кешке қарай,
Таң атқанша той-думан тарқамады.
Он күндей ұлы дүрсіл басылмады.
Ет пен қымыз күн сайын таусылмады.
Қыдырып тау мен сайды қыз-бозбала,
Түс ауа кешке дейін шаршамады.
Ауылдың арулары, жігіттері,
Жаксы екен ойын-сауық бірліктері.
Көтеріңкі көңілі конактардың,
Қызықпен білінбеді күн өткені.
Дүркіреп жап-жайдары жаз да өтті.
Қонақтап, ел аралап қыс та бітті.
Келгендер көктем шыға дайындалды.
Қайтатын Сарыарқаға мезгіл жетті.
Байназар би жасады мақпал мүлкін.
Он нарға артады жасау жұртын.
Он бикеш, жиырма жігіт қоса берді.
Туған ел, киын екен қызға төркін.
Күпия қоштасады халқыменен,
Баяғы үлкендердің салтыменен.
Қасында тобыменен нөкерлері,
Жыласты ағайын, ел-жұртыменен.
Аралап ауылдарын жақындардың,
Малынан арнай сойған татты дәмін.
Осылай он күн жүрді елін кезіп,
Кәрі-жас, құрбы-құрдас кимай бәріп.
Сыңсып қоштасты ағайынымен.
Жат жұртқа жазған Тәңір талайы кем.
Жалғанда қыздан сорлы жаратылмас,
Күпияжан тілдесті бар елімен.
-- Еркіммен еркелеткен қайран, елім,
Жетісу – жер жаннаты туған жерім.
Шомылған суың сінген озен, көлім,

Баурында балғын өскен балаң едім.
Алатау қоршай біткен ормандарын.
Елімнің төңірегінше қорғандарым.
Қолдайды аруақ қонған бабаларым.
Алыста аңсап сені армандармын.
Қош сау бол, ата менен аналарым.
Алатаудай асқар шың ағаларым.
Қадірлі құрбы-құрдас сен де аман бол.
Артымда алаңдаған бауырларым.
Аман бол, апа-сіңлім, жеңгелерім.
Кім білген жасың жетін өзгерерін.
Еліне қайын жұрттың қадам бастым.
Кім білер алда нелер кез келерін.
Уа, Тәңір, қыздан сорлы жан бар ма екен.
Бұйырмаған туған жер, атамекен?
Қимаймын қиналғанмен шара бар ма,
Коретін енді қайтып күн бар ма екен?
Алыстан өсер өлке жазған Тәңірім,
Қош болыңдар, туысқаным, енді бәрің.
Төркіндеп Аллаһ жазса біз келерміз,
Бізге деген сақтаулы болсын дәмің.
Қоштасып халқыменен көш жөнелді,
Еншіге сауын бас жылқы бөлді.
Шығарып салу үшін қалқажанын.
Жеңгесі жаңа түскен қасына ерді.
Есімі Нұржамал еді жеңгесінің.
Шығарып салмақ болған қайыңсіңілісін.
Екі айдан соң еліне әкеп салар,
Деп берген Мейрам мырза келісімін.



Елге қарай сапар

Елу жігіт қаруланып,
Жолға аттанды қонақтар.
Басшылыққа Асылды алып,
Ежелгі шешен топ бастар.
Ойын-күлкі, думан тойдың.
Қыза берді жалғасы.
Шаңы шығып ұзын жолдың,
Қоныс болды көл басы.
Алатаудың бауырымен.
Шуды кесіп көлденең.
Хан тауынан аман өтіп,
Бетпаққа да жетті керуен.
Құмы ыстық суы тапшы.
Жаңбыр да жоқ жауған тамшы.
Жел тұрғанда дауылдатып,
Бет қаратпас құмы ашы.
Бейнеті көп жолының,
Керіш құмды кесапат.
Аш бөрідей ызыңның,
Дауысы бөлек енапат,
Шытынаған шөлі безер,
Бытқыл құмға күн шағылап.
Жер емес-ау күндіз жүрер,
Дауыл тұрса құмын шашап.
Көк теңіздің жағасымен,
Жүрсең көрдің бір рахат.
Асып бассаң Мойынқұмын,
Тағы да қызыл құмы басталап.
Іліккенде Сарысуға,
Алатаудан басталған,
Көзің жетер сағым-бұға,
Арқа жерін сағынған.
Көктеңізге керуен жетті.
Мыңаралға қоныстанып.

Көп қауіптен аман өтті,
Көл шетіне жылыстап,
Көк орайлы камыс қоға,
Төңірегі күміс көлдің,
Бірнеше күн жүрген жолда,
Тынығар кезі керуендердің,
Үй тігілді мал сойылып,
Қазан асып қыз-келіншек,
Көлдің басын жиын, төй ғып,
Алғыбақан, құрды әткеншек,
Ән шырқаған кілең жастар,
Түннің бұзып тынышын,
Түнжырағын тау мен тастар,
Ол да бұзып ұйқысын,
Қараңғыда таулар қалғып,
Ормандары тып-тыныш,
Әуеніне әннің балқып,
Жапырақтары берді сыбыс,
Сулары да баяу аққан,
Көктеңізді ояғып,
Ән-күйлерден рахат тапқан,
Сылдыр суы тіл қатып,
Көлдің құсы канат қағып,
Түнді елемей ұшыпты,
Махаббатпен арпалысып,
Жастар да жарын құшыпты.

* * *

Көкжиектен таң бозарып,
Табиғатқа өң берген,
Сол кездерде естілді анық,
Ат шабысы әр жерден,
Жалаң қылыш қолдарында,
Найзаларын өңгерген,
Шанқыншы топ алдарында,

Шыға келді доңдерден.
Қаңтарулы тұрған аттар.
Бұлар да алды қаруын.
Іріктеліп өнкей жастар.
Алдын тосты шабуылдың.
Екпін қатты дауылдан.
Қолдарында қайқы қылыш.
Құлақ бітіп дабылдан,
Қарсы беттен басталды ұрыс.
Біреу құлап атынан.
Қызыл-күрең қап жұтып,
Кейбіреуі бақырған,
Шалажансар гүншығып.
Үзеңгіге ілігіп,
Салбыраған денесі,
Қарай алмай түршігіп,
Көзде қалған елесі.
Шашырап от қылыштан,
Найзаменен қағысып,
Жан аямай ұрысқан,
Жаралы жерде алысып.
Бұл не деген көп еді,
Жоңғар деген нәлеттер!
Тыныш жатқан ел еді,
Солар салған әлектер.
Бір дәу қара жоңғардың,
Еркін сермеп семсерін,
Жайнап жойып жан-жағын,
Көбін құлатты керуеннің.
Сайысқа кірмей іркіліп,
Батыр Мейрам тұрған ед.
Бұл да шықты сілкініп,
Қара дәуге жекпе-жек.
Қарсы келді ол арқырап,
Күндей жауар күркіреп.

-- Мен арыстан, сен бала,
Шыкнакпысың жекпе-жек?
Тимеймін мен сендерге,
Отжамды бер еркіңмен.
Мен кожамын керуенге,
Күшім менің желмен тең.
Шабамын да қырамын,
Айтқаныма көнбесен.
Жер қаптырып тынармын,
Қолым сынсын жеңбесем.
Мейрам айтты: -- Сандалма,
Көп болса күшің арланба.
Іздегенім жекпе-жек,
Жеңем деп әсте ойлама.
Басыңды қағып алармын,
Қанжығама тағармын.
Жаныңды жіберіп Жаһаннамға,
Ойранды сосын салармын.
Ашу қысып қараны,
Елемей жас баланы.
Ұмтылғанда жалт берді.
Денеге дарытпай жараны.
Жарқ-жүрк етіп қос қылыш.
От шығарды темірден.
Қыза түсті бұл ұрыс,
Гүлді ерлер өмірден.
Бой бермеді кара дәу,
Әккі екен аты да.
Гүлғасы да бейне бір тау,
Тартқан қалмақ затына.
Найзаменен қағысса,
Жалтарады тигізбей.
Қылышпенен соғысса,
Қалқанын тосар білізбей.
Ашу қысып Мейрамды.

Шапқан сайын құтырды.
Күндей күркіреп айқайы.
Ол қалмаққа ұмтылды.
Қатты тиген қылыштан,
Ұшып түсті қалканы.
Сытылып шығып ұрыстап.
Құрыды жаудың қауһары.
Сермегенде Мейрам ер,
Болат жүзді қылышын,
Қара дәуден шықты тер.
Тарылтып дем-тынысын.
Ұшып түскен оң қолы,
Қолындағы қарумен.
Аттан құлап көк долы,
Жер жастанды бауырмен.
Басын кесіп денеден.
Қанжығаға өңгерген.
Шулап жүрген жоңғарлар,
Өлгенін батыр көз корген.
Қара дәуі мертiгiн,
Іс жасалды тамаша.
Сiлкiнiп батыр ентiгiп,
Жауға шапты жанаса.
Қойға тиген бөрiдей,
Жайпап келедi жан-жағын.
Жаралы жағты еңiрей,
Қанға көмiлдi қалмағың.
Иiрiп қасты найзалап,
Асыл да қырып келедi.
Қолдарын көтерiп ойбайлай,
Жерге құлай бередi.
Жансауға сұрап қырылмай,
Лянышты халге енедi.
Қаруын тастап бiр ынғай,
Жылап-сықтап егiлдi.

Сексен екен жоңғарлар,
Серуенге шықкандай.
Қырда жүрген бұзықтар,
Ел тонаған бір тынбай.
Сексен болса барлық жау,
Қалғаны бәрі қырықтай.
Жандары калып есен-сау,
Тізесін бүгіп тұрыпты-ай!
Өздеріне көмдіріп,
Өз өлігін калмақтың.
Көгендеп құлғын көндіріп,
Қарыстырды үнін заржақтың.
Бұлардан да шығын көп,
Жаралы, өлі, жармысы.
Олгендерін жерлеп боп,
Жаназа болды қайғысы.
Қандай қиын айырылған,
Бауырлас, туған-туыстан.
Қап жұтып және қайғырған,
Болған соң мәйіт ұрыстан.
Дұға жасап өлікке,
Бауырлармен қоштасты.
Жүктерін артын көлікке,
Керуендер елге топтасты.
Ертенінде аттанды,
Елге қарай керуен.
Самал жел салқын Арканы,
Сағыныш жүрек еріген.

* * *

Сөзге шешен, өзі сөпы әрі батыр,
Сарыарқада кең байтақ елі жатыр.
Жауын жеңіп жеңіспен Мейрам ерің,
Тойын жалған, той бастап келе жатыр.
Осылай бір ай он күн жол жүреді.

Жолдастары ел сағынып елжіреді.
Алыстан бұлдырайды сағым сылаң,
Арканың әсем тауы мекен жері.
Күндік жерден елдеріне хабар кетті,
Дүрліктіріп, ат шаптырып төңіректі
Қарсы алып кәрі-жасы туған жердің,
Керуендері сарғайып әзер жетті.
Қайғырды кісісі өлген ағайындар,
Ажал жетсе, пендеміз біз айырылар.
Көңіл айтып бір-біріне туыскандар.
Аза тұтып, шақырысып дәм қайырар.
Бірінің шаһит болған балалары,
Жылап қалған артында аналары.
Еңіреген жетім бала, сүйген жарлар,
Қайғырған ауыл-аймақ адамдары.
Ақыры үш күн аза шекті халық,
Көңіл айтып, бір-біріне капаланып.
Алданатын дүниеге пендешілік,
Ақыры той жасады шаттанарлық.
Еліне қалың алып келген Мейрам,
Қарсы алған бауырлары есін жиған.
Ауылға түскеніне жас келіннің,
Қона жатып Арқа елі болды мейман.
Бәйгеге кілең жүйрік топтанады,
Жеріне мерзім белгі аттанады.
Кеткен соң сәйгүліктер алысырақ,
Балуан күрес қызығы басталады.
Найманның бір жігіті аты Манап.
Бәрін жыққан күресте жалғыз сол-ақ.
Төсін керін екі аяғын алшаң басып,
Ортаға шыққан еді бәйге сұрап.
Сол кезде Асыл шықты намыстанып,
«Күш сынассаң кел», -- деді, -- алысалық».
Екеуі де күшті екен беріспеді,
Тамашалап екеуін тұрды халық.

Ашуға сыймай кеткен Асыл ерін,
Елемей еттен шыққан ащы терін,
Көгеріп қарсыласын ауп дегенде,
Тозаңын бүрк еткізді кара жердің.
Жығылған Манан жатты шалқасынан,
Жауырыны жерге тиіп ортасынан.
Күреңітіп балуан тұрды орнынан,
Шыпшып тер шаң аралас аркасынан.
Тобына келді Асыл Мейрам тұрған,
Балуанын Орта жүздің алып ұрған.
Ризалығын бұлар да білдіреді,
Той-думанның жастары сәнін құрған.
Жамбыны ешкім атып тигізбеген,
Кезеніп садақтарын талай мерген.
Түсірген жалғыз окпен оны да Асыл,
Бәйгесін берді елге сыйға берген.
Кешкілік бәйге аттары көрінеді,
Ала шаңнан байқалмайды көбік тері.
Бұл бәйге де Орта жүзге бұйырышты,
Асылдың күрең төбел аты келді.
Жазғы кеш желі де жоқ, айы жарық,
Қоғалы мол жайылған кілемге лайық.
Дәм тартқан дастарханға әр түрліден,
Төңірегін қоршаған келген халық.
Құрылған алтыбақан ауыл шеті,
Он шырқап, қыз-бозбала кезек тепті.
Отырып қызықтаған қариялар,
Қос ішекті домбырадан күйін шертті.
Үш күн, үш түн болыпты дүмніл думан,
Маңайдағы ағайындар қызықтаған.
Мұндай тойын болмапты бұрын-соңды,
Өсерменен жиналған жұрт тараған.

Нұржамал

Ұлы жүз Жалайырдың қызы екен,
Аралас бір-бірімен елдімекен,
Жеңгесі Күпияның гүл Нұржамал,
Барлығы екі-үш айдай жаңа түскен.
Теректегі алмадай екі төсі,
Ақ мактадай көз тартар бар денесі.
Салтымен бұрынғының ере шыққан,
Шығарып салмақ болып сол жеңгесі.
Аңғырт ғой жастық шағын елемеген,
Жүкті екенін жас келін бір сезбеген.
Нұржамал келген күні Сарыарқаға,
Бүлкілі бөбегінің белгі берген.
Ол бикеш келіп қалды елге бөтен,
Тосыннан іші сезген жүкті екен.
Шынында аңғармаған аттанарда,
Бойынан сезікті сыр білінбеген.
Күн сайын сезіледі сәби сыры,
Өзгеріс білдіреді енді түрі.
Оңаша Күпиямен ақыл қосып,
Көзінен жасы ағып шаққан мұңы.
-- Еркежан, бұл бір ісім ойламаған,
Білінді жүкті екенім бүгін маған.
Өзіндей жаңа түскен қыз едім ғой,
Тәңірі алды-артымды байкатпаған.
Не болам баска жерде бала тауып,
Жібергендей үйімнен біреу қуып.
Айтсаңшы, ақылыңды мен сорлына,
Өзіннен баска кім бар жақын-жуық?
Күпия бұл жеңгесін корер Тәңір.
Жат жерде туыскандай олар бауыр.
Көрмеген мұндай халді екеуі де,
Болмаған бұрын-соңды аяғы ауыр.
Сонда да жеңгесіне ақыл қосты,
Бірі сөйлеп, бірінің сөзін тосты.

«Мейрамға білдірейік», -- деді ақыры.
Етіне жеткізетін берін қосшы.
-- Қайғырма, жеңешетай, тағдыр ісі,
Кормекші Аллаһ жазса пенде кісі.
Мейрамға жасырмайық, сыр ашайық.
Баланың айғақ болсын күмәндісі.
Ол сәби маған іні, саған бала,
Несі бар түскен келін болса ана?
Ойнастан тумағаны белгілі ғой.
Саған жар, елде қалған маған аға.
Арқаның жері жайлы, желі самал.
Әр түрлі кездеседі тағдыр қатал.
Болған соң мезгіл айы күндер өтіп,
Босанды аман-есен жае Нұржамал.
Сәбидің кіндік кесіп тамған қаны,
Келгендей әдейі іздеп Сарыарқаны.
Ұзақ жол іште келген нәрестенің,
Есімін қойған екен Шұбыртпалы.
Алданып бөбегімен жүре берсін,
Күпия күтуге алды бұл жеңгесін.
Бұлардың келгеніне алты ай болды,
Қар күсіп, жаба күсті ел іргесін.



Қуандық

Күпия айдай сұлу, ақылды зердесі де.
Қосылған жары да асыл теңдесі де.
Нұржамал ол да әсем жас құрдасы,
Өзімен бірге келген женгесі де.
Келген жылы осылай қызық-шагтық,
Жарасқан жар болғалы махаббаттық.
Күпия жүкті екен өңі өзгеріп,
Құбылып қыз бейнесін алды аналық.
Жыл еді бір тыныштық елдің іші,
Жан рахат тапқан кезі үлкен-кіші.
Мал да тоқ, адам да тоқ қуанышты,
Құт¹ айы ақ ұлпалы жылдың қысы.
Жұқа қар өте жақсы жайылымға,
Тебіндеп жеген шөбін жылқы, қойға.
Қазақтың малсыз күні қараң болған,
Қыс жақсы деген екен осындайда.
Әр нәрсе мезгілімен өзгереді,
Өзгерісті келешекте көз көреді.
Күні жетіп, айы толып Күпияның,
Босанатын мезгілді кездер еді.
Қыстаулар таяқ тастам ел арасы,
Үзілмеген бір-бірінен хабарласы.
Жиылған көп әйелдер әр ауылдан,
Жас келін таңға жақын босанады.
Даусын ести сала нәрестенің,
Әдеті келе жатқан бұл ескінің --
Әйелдер жүгіреді сүйінші сұрап,
Туыстың ырым қылып бергендерін.
Бір келіншек Мейрамды іздеп келді,
Жүзінен мырзасының шаттық көрді.
«Сүйінші!» – деп хабарлады жас туманы,
Қуанған би боталы түйе берді.

¹ Құт – ақпан айы.

Тарады бұл қуаныш ауылға аймак,
Тұңғышы нәрестенің болып айгак.
Ағайын қолда барын ала келген,
Тойға сойған жылқы, кой, семіз тайлак.
Тағы да той басталды бұл ортада,
Күндіз думан, кешкісін пілдехана.
Ат жарыс, көкпар тартқан, жамбы атып,
Балуан күрес, ән салған ел шаттана.
Қысқы кеш мезгіл айы суық ақпан,
Күпия аман-есен бір ұл тапқан.
Жиналып ел жақсысы той үстінде,
«Қуандық»,-- деп есімін бәрі ұнатқан.
Мейрамның қуаныштан есі кеткен,
Өмірге келген адам тұқым сепкен,
Қызықтап той пішінде жүрген кезде,
Оңаша бір жігіттен хабар жеткен.
Әлгі адам хабары бар Ұлы жүзден,
Сөзі суық хабаршының хатқа тізген.
Тасада қалып қойған жоңғаршылар,
Қырғынға ұшыратқан қуып ізбен.
Сол соғыста Ошекеннің бір баласы,
Шаһит болған өзі де бел ағасы.
Күйеуі Нұржамалдың өлген жігіт,
Жұрты қалған қашқан ел бекзадасы.
Бұл хабар қатты бағты Мейрам ерге,
Әзірше естіртпеді жиын елге.
Өр түрлі себептермен той таркады,
Тарасып әр ауылға келген жерге.
Хабарды естіп Мейрам капаланды,
Бас қосып ел жақсысы жиналады.
Нұржамал мен Күпияға естіртпекке,
Бәрі де ақыл қосып ұйғарады.
Ондай сөзді естіртер ақсақалдар,
Сөзге шешен, ақылға кен данышпандар.
Жиналар ауылдың бар кәрі-жасы.

Үйысып отырған жұрт бәрі тыңдар.
Шешені Орта жүздің сөзге шебер.
Айтқан сөзге қартының халқы сенер.
Сексендегі данагөй әз бабасы,
Естіртті суыт жайды сол кемеңгер.
Жыраудың ойы терең, сөзі жұмбақ.
Жағымды, жарасымды үні жұмсақ.
Отырды төрден төмен елмен бірге,
Күпия мен Нұржамал қоса тыңдап.
Ағылды қариядан сөз бұлағы,
-- Қайғысыз бұл өмірде кім тұрады? --
Деп бастап әңгімесін акын-жырау.
Қабағын қарсы жауып тұнжырады.



Жыраудың естіртуі

-- Болыпты Мұса деген бір пайғамбар,
Аллаһтан тағдыр жетсе жақ байланар.
Астында есегімен ел аралап,
Жолында кездесіпті талай шаһар.
Тау асып, жағалаған шалқар көлді,
Бетбак дала кездестірді құмайт шөлді.
Меніреу табиғаттың құбылмалы,
Сикына қиыншылық төзді, көнді.
Жеті жыл осылай жүре берген,
Қорек қып кездескенін ілген жерден.
Жасы да орта шеңбер шамасында,
Көрінді қалың орман шығып шөлден.
Аралап сол орманды көп жүреді,
Жүрісі де бұрынғыдай өңдімеді.
Кезген соң кең даланы емін-еркін,
Есегі де, өзі де бек жүдеді.
Өзгеше көп ағаштан бір бәйтерек,
Өскені анық орманда ол ертерек.
Жанында сол ағаштың біреу жатыр,
Жалаңаш егіне өскен бір жас терек.
-- Ассалаумағалейкум! Сәлем берді.
-- Не жатыс қай заманнан бабам? -- деді.
Тұруға дәрменің жоқ сорлы пенде,
Қорегің бар ма қандай тағам? -- деді.
Жатысың мынау сенің аш-жалаңаш,
Кіндіктен тесіп кеткен ұзын ағаш.
Байқаймын, денең жүдеу, түсің сынық,
Түсіндіріп қариям-ау, сырыңды аш.
Шалқалаған аспанға бейбак адам,
Жан-жағына қарады болып алаң.
-- Тәрбиешім, жалғызым кетіп еді,
Таң сәріден базары сорлы балам.
Бейшара тамақ үшін шөпшек терген,
Окелуні ед жеміс теріп және жерден.

Соларын аркалап базар барып,
Жүруші едік күн көріп бұл өмірден.
Сол бала Аллаһ берген жанашырым,
Мөлшерін біле алмаймын мен жасымның.
Көлеңке іздеп терек түбін паналадым,
Шамасы болып қалды бір ғасырдың.
Мұсамысың, сен Аллаһтың досы деген,
Жұмақ іздеп жалғанда жаһан кезген?
Бейнетсіз ақиретте зейнет болмас,
Пенденің жаратылған бәрі де өлген.
Жасымда мен де өзіндей жаһан кезгем,
Арамдық, зұлымдықтан қорқа безгем.
Өмірдің керек заты енбек еткен,
Күнделік қызметімді мен де сезгем.
Өмірде адалдық аз, арамдық көп.
Адамзат бір-біріне ойлаған кек.
Біреу бай, біреулер кедей болып,
Көрдін бе тіршілікті сен де есептеп?
Мен берілген пендесі бір Аллаһтың,
Көрмектің маңдайыма не жазғанын.
Ырзық нәсіп әуелде осылай болса,
Құтылмаспын қармағынан бұл жалғанның.
Бұдан соң жауап бермей сұрағына,
-- Жүре бер, Мұса, -- деді, -- тұрағына.
Кез келсең, жолығарсың баламменен,
Шаһардың түспек болсаң соқпағына.
Жөнелді Мұса сонда аңғалақтап,
Баланы қала кеткен іздеп таппақ.
Аралап орман ішін жол кезгенде,
Кездесті өзен жақтан жаяу соқпақ.
Келеді сол ізбенен Мұса «батыр»,
Жанында жолдасы жоқ берер ақыл.
Бір кезде кездестірді жол шетінен,
Ыңырсыған баланы, шіркін, пақыр.
Баланы жыртқыш аңдар жаралаған.

Көмекке араша жол таба алмаған.
Жағаласып, жанталасып алысса да,
Азулылар оның жанын аямаған.
Қан аққан кеңірдектен судай тасып,
Құр өлік жатыр екен өні қашып.
Қапшығы пәре-пәре жыртылыпты,
Бұйырмай қарияға жиған нәсіп.
Отырды Мұса бұлап көздің жасын,
Иман оқып ұйытып ықыласын.
Не күн көрмек қария бұдан былай,
Естіген соң баланың бұл қазасын.
-- Уа, Аллаһ аяушылық бар ма сенде,
Рахымың осы ме еді көрер пенде?
Пақырды ағаш болған көзім көрді,
Естіртемін сорлыға қандай халде?
Он сегіз мың ғаламды жараттың сен,
Болған соң, таратушы пейілің кең.
Жаннаттан жанын жазып, иманды кыл,
Қинамай қарияны бұл дүниеден.
Аллаһтың жазған ісін көзі көрді,
Өмір, шіркін, дәм таусылса өзгереді.
Жуындырып, мәйітті шапанға орап,
Есекке Мұса өлікті өнгереді.
Ляндап, ақырындап кейін жүрді,
Жетектегі хайуанның да көңілі мұнлы.
Жақындап бәйтеректің маңайына,
Өлікті көгал жерге бұл түсірді.
Осылай шалға қарай басты кадам,
Болғандай дүние өзгеріп ақыр заман.
Естіртпек қарияға енді қалай?
Көңілін қайғы басқан болып алаң.
-- Ассалаумағалейкум, тағы да ата,
Сөзімді кешіре көр, болса қата.
Айтқалы алдыңызға жайсыз хабар.
Қасыңа келіп тұрмын мен күн бата.

Көргенін айтты тізіп Мұса шалға,
Айтпасқа ақиқатты бар ма шара?
-- Алдынан жарылқасын жалғызынның,
Әуелден жазған ісі Хақтағала.
Осылай көңіл айтып қарияға,
Түңгиық батты Мұса терсе ойға.
Сөйледі кәріп адам мойнын бұрып,
«Аманаттап тапсырдым», -- деп бір Аллаһқа.
-- Баланың бейнет қормей өлгені артық,
Не керек көп өмірдің күнә артып?
Жерлеп қой осы араға мәйітінді,
Барарсың өз жеріңе сосып қайтып.
Мәйітті Мұса жерлеп үлгереді,
Гүдді і ойы қария қалай күн көреді.
Соңы айғып ақсақалдан сұрағанда,
Мүгелек мұнаймады, күлімдеді:
-- Мен үшін қаны болма, Мұса балам,
Ырзықсыз пендем жоқ дер Хақтағалам.
Періште аспаннан кеп ас береді,
Мен үшін аза тұтып болма алаң.
Дәретімді тазартар тағы солар,
Кешіктірмей ақ өлімін берсе жарар.
Аллаһ жазса, орыным жұмақ болар,
Осылай мен сорлыға бақыт қонар.
Үшінші күн дегенде айналып соқ,
Бермейді ешкімге опа бұл дүние бок.
Баламның қасына көм, Құдай үшін,
Кетермін сен келгенше бақилық боп.
Қоштасып қария мен Мұса кетті,
Таң біліне шаһарға келіп жетті.
Ара, балта сатып алып үшінші күн,
Ормандағы ақсақалға қайтып кетті.
Жас терек піріп түскен жатыр бөлек,
Денесін бабасының көрді демеп.
Ұйқыдағы адамдай сұлық жатыр.

Жүзі нұр, жас сәбидей балғын, бөбек.
Жуындырып оны да көмді Мұса.
Тағдырдың жазғанына көнді Мұса.
Есегімен ерінбей жаһан кезіп,
Аралап талай жерді көрді Мұса.
Уақыты өткен екен жүріп талай,
Бейнетін бұл жалғанның ол да арқалай.
Алданыш бұл фәниге риза болмай,
Бет алды бұдан кейін елге қарай.
Уа, халқым, осылайша Аллаһ ісі,
Көтерер жазмышты пенде кісі.
Өлгендердің артынан өлмек емес,
Өмірін жалғастырап тірі кісі.
Күпия. Нұржамал балам едің.
Сіңісіп біздің елге жарап едің.
Аллаһтың әміріне бар ма шара,
Жаманат хабар келді сонау елден.
Кәпірлер туған елді шапқан екен,
Шаңырақты күл ғып отқа жаққан екен.
Ұрыста ағаларың ерлікпенен,
Шаһит болған өз жерінде атамекен.
Келмейді қайтып олар жылағанмен,
Көл қылып коздің жасын бұлағанмен.
Артына қайыр берсін қалған елің,
Тірілмес өлген адам сұрағанмен.
Бір Аллаһ өздеріне өмір берсін,
Сәбилерің үбірлі соңыңа ерсін!
Көп киналып, уайымға салынбаңдар,
Мейрам да қайнысына барып келсін.
Осылай үлкен сөзін тамамдады,
Естіген жұрт қайғырып ойға қалды.
Жігіт жинап, мал айдап аттанбаққа,
Мейрам би халқына ақыл салды.

Жетісу

Басқарған Мейрам сөпы елу жігіт,
Артынып қару-жарак, азық-түлік.
Көмекке қайынжұртқа жәбірленген.
Үш жүз жылқы айдатып кетті жүріп.
Арада жиырма бес күн суыт жүрген,
Баяғы өзі жүрген келеді ізбен.
Қыстауына Байназар жеткенінде,
Елі жок, жұрты жатыр топырақ, күлмен.
Із кезін аралады қыстау жерін,
Ерте көшкен ыңғайы емес тегін.
Шығыс қорған асыпты өзен бойлап,
Өзер тапты Байназар қалған елін.
Кәусардай газа аққан өзендері.
Таулары қоңыр бұйра бұлт бейнелі.
Басынан сол таулардың аққан бұлақ,
Көбейген кемерінен күміс көлі.
Желектеп жасыл, күрен карағайы.
Ақ балтыр ала қайың ормандары.
Бетіндей жас арудың қызара бөртіп,
Теректе теңселеді алмалары.
Жетісу – жер жаннаты сұлу әсем,
Табиғат керегінің бәрі де өскен.
Жалған деп атаймысың бұл өлкені,
Шырайлы жер бетінде «Жұмак» десем.
Байұлын атап кеткен Байназар ер.
Би сайлаған Ошакты, Үйсін рулы ел.
Құдаларын қарсы алды қуанышпен,
Жұтка ұшырап отырған кезі еді ел.
Сыйлығын күйеу жігіт қабыл алды,
Әділ бөліп, халқына барша малды.
«Бауырлас Ұлы жүз бен Орта жүз»,
Деген сөз өткендерден содан қалды.
Жұтаған ел күйзелген еді уағы.
Жоңғарлар қалдырмаған жиган малды.

Аксақалдар Мейрамға бата берген.
Десіп: «Риза қайындарыңның аруағы».
Бір ай жағып қонақтар қайтпақ болды.
Байназарға сырын Мейрам айтпақ болды.
Нұржамал өз еркімен қалса бізде.
Қалың малын тағы да тартпақ болды.
Би айтты: -- Күпия біздің риза ма екен?
Қарсы емеспін болғанына екі некен.
Барармын елдеріне туысты іздеп.
Қыс өтін, келесі жыл шыға көктем.
Әке, іні жылын беріп шығар кезім.
Екеуіңді қосармын барып өзім.
Той жасап, ел жиюдың қажеті жоқ.
Қазаға аза тартқан бар ғой сезім.
Ертеңі Мейрам тобы елге аттанды.
Сарыарқа салқын, самал жерге аттанды.
Жолшыбай бейнет көрмей аман жетті,
Атамекен жеріне жұрағаттары.



Ел ішінде

Күз түсіп, қар да жауып қыс та келді,
Әр ауыл қыстауларын мекендеді.
Соғым сойып шақырысу бірін-бірі,
Ежелден атам Қазақ дәстүрі еді.
Қонаққа келді Асыл достым елей.
Сөзге шешен сайраған тіл мен көмей.
Нұржамал жайын Мейрам баяндалды,
Келіскен Байназармен сөзін тежей.
Күпия қарындасың қабыл алсын,
Айтуға жетпейді оған ықыласым.
Найғамбар да төрт некелі болыпты ғой,
Шариғаттың жолынын жаңылмасын.
Күпия ақылы асқан ұрғашы да,
Нұржамал жеңгесі ғой сырласы да.
Екеуін оңаша шақырып алып,
Бекінді Асыл дана сыр ашуға.
-- Сен екеуің егіздің сыңарындай,
Тағулыққа не жетсін шырағым-ай!
Ұшқан құс, жүгірген аң бәрі бірдей,
Аңсайды жасқа толып жұбайың-ай!
Гауһардың кәдірі жоқ қолдан кеткен,
Жанбыр жауса, дәні асыл егін еккен.
Тағдырдың жазғанына бар ма шара,
Нұржамалды жарыңа ортақ еткен.
Мейрамдай ер азамат табылмайды,
Екеуіне жар болуға сол ынғайлы.
Телі өскен егіз козыдай құрбы едіңдер,
Деп сенем аға сөзін қабылдайды.
Күпия ырзалығын білдіреді,
Нұржамал жерге қарап үндемеді.
Бұлбұлы екі елдің Асыл мырза.
Осылайша екеуін көндіреді.
Сол күні Мейрам естіп сөздің жайын,
Тапқандай болды жүрек өз ынғайын.

Үйіне сыр білдірмей келген еді.
Күпия сездірмеді өз сыңайын.
Түнерін төрде отыр төре жігіт,
Сөздерінен Күпияның дәме үміт.
Төңкеріп кара көзін, бөліп сөзін,
Білдірді қосағына жүзі жылып.
Сондағы айтқан сөзі Күпияның,
-- Жан қисаң да, ауыр ғой жар қиярың.
Қайтейін, кимасам да басқа жанға.
Мен қондім өз еркінде ықтиярың.
Әйелдің болады екен осал жері,
Солқылдақ, тым нәзік, пәк жүрегі.
Ел қиса да, ер қию қиын екен.
Болса да жарасқан жар, өзі тені.
Толқиды-ау, алас ұрып жүрек тегі.
Бар ма екен махаббаттың басқа емі?
Екінші бірі емессің, берер едім,
Болған соң, қалай берем жалғыз сені?
Аққу күс қасиетті һәм қиелі,
Өмірлік бірін-бірі шын сүйеді.
Жаспын ғой, қимаған соң әншейін наз,
Сарқылған санамдағы ойдың желі.
Уайымдама, қосыларсың биылғы жаз,
Оңаша жібермеспін әзір еені.
Уақытша шыдам керек әлі біраз,
Ренжітпе, Нұржамалды сүйсең мені.
Әкемнің жылы өтсін шыда, мырза,
Қырындап көп карама, сұлу қызға.
Бұдан былай екеулеп шідерлерміз,
Батырым, уағданды енді бұзба.
Ырза болды Күпияға Мейрам сопы.
Үшырмақ бір ұядан екі тоты.
Күтуде келер шағын қайынжұрттың,
Көңілі басылған шақ жүрген олқы.
Осылай қыс та өтті, көктем келіп,

Қар кетіп, жер жібіген жаңа кеуіп.
Жазылып жайлау бойын қоныстаған.
Арқаның ауылдары орын теуіп.
Мезгілі көкек айы болса керек,
Жарасын Жетісудан керуен келед.
Қарсы алды қонақтарды құдалары.
Үй тігіп, қол бойына сәніп түзеп.
Көл жағалай бірнеше үй тігілген.
Айналасы кокорай шөп мол тізеден.
Мал сойып, қымыз пісіп, шайын қойып
Қыз, жігіт сапырылысқан, күлімдеген.
Құдалар бөлек үйде сегіз канат.
Жарасқан төңірегі сән-салтанат.
Келген күннен басталды ойын-сауық,
Қыздары уыз қымыз бойыңды алад.
Бозарып таң да атты күн көрініп.
Үйкыдан жан-жануар тұрды ерініп.
Арқаның биік тауы мұнар басқан,
Бой жазып нұрға еркелеп тұр серігіп.
Көлі бар айналасы неше түрлі.
Тауы бар басы биік найза шыңды.
Қоршаған қарағай мен ақ қайыңдар.
Үшқан құс, жүгірген аң төңірегі.
Қонақтар қызықтаған соның бәрін,
Бұлбұл, көкек, аққудың естіп әнін.
Құс салып, ит жүгіріп аң да ауланды,
Аралап Сарыарқаның қырат жарын.
Тамашалап екі ай жатты қайындары,
Кеткендей көкіректен қайғы-зары.
Олармен бірге болды Асыл мырза,
Олар да шат, Нұржамал мен Күпия жары.
Оңаша Асыл, Мейрам һәм Байназар,
Ауылдан алыс барып отырды олар.
Бірі айтып, бірі тыңдап ішкі сырын,
Ақтарылды бойларынан барлық құмар.

Байназар сөз бастады жасы үлкен,
-- Тарылды конысым, -- деп, -- ашық іргем.
Жоңғарлардан кек қайтпай армандамын,
Жайымды ағайын жоқ өзі білген.
Ойымды мен айтайын, Мейрам саған,
Бұл сырым жүрегімде болған алаң.
Бастығы кәпірлердің Махут батыр,
Оларға сенсіз менің келмес шамам.
Жоңғарлар Ұлы өзен¹ жағасында,
Үй тіккен қалың камыс арасына.
Қатары үш жүз сарбаз болса керек,
Барлаушы барып көрген айтысында.
Баскадай ағайын көп қолға түскен,
Түтқындар аяқ-қолға салған кісен.
Тыңшы білдіртпей барып келді,
Армансызбын туыстарды көрсем есен.
Бұл бір топ қаракшылық өмір сүрген,
Астарында жүйрік ат ұшқыр мінген.
Әр жердеп қанішерлер басын қосып,
Талаған ауылдарды кезі келген.
Біздің де туыстардың қанын төкті,
Тірілері басын қорғап, қашып көшті.
Қызымды күн, ұлымды құл, мал-мүлкімді,
Зарлатып көздің жасын алып кетті.
Ақыл қос, ағайындар, не істеу керек,
Күннің болса қосарсың бізге білек.
Қол жинап, күзге қарай аттанбақпын.
Хабарлас, ойың болса берер көмек.
Осымен сөз аяғын тамамдады,
Достардың айтарына алаңдады.
Қоналды Мейрам тұрып орынынан,
Жинаймын, -- деп, -- әр ауылдан сардарымды.

¹ Ұлы өзен – Іле өзені.

- Байеке, сөзің дұрыс, ақылың кең.
Қашанғы қаракшыға болармыз жем.
Келемін көктем шыға тосыңыздар,
Бұл жорықта қатардан қалмаспын мен.
Байназар, Мейрам, Асыл ақылдасып,
Жүз-жүзден сарбаз жимақ тартса нәсіп.
Жіберіп барлаушылар алдын ала,
Жауларын қапияда алмақ басып.
Осылай бұл үшеуі сөз байласты.
Ауылға кейін қарай қадам басты.
Бұл сырды әзірше елге сездірмеді,
Ендігі сөз Нұржамал деп қалжыңдасты.
Байназар мен Асылға Мейрам күйеу,
Жанашыр бір-біріне бұлар сүйеу.
Нұржамалға теңін тауып, ендігі іс --
Өнегелі үлкендерден бата тілеу.
Молдасымен шақырды ақсақалды,
Қалдырмай жақын-жуық дос жандарды.
Некесін екеуінің қиған молда,
Қол жайып барлығынан бата алды.
Сол күні толғақ қысып Күпияны,
Аман-есен босанып жаны қалды.
Ұл тапты ақ сазандай, жазық маңдай,
Ат шаптырып, думандатып ел қуанды.
Қадамы бұл сапардың құтты болды,
Шапқылап хабарлаған жиын тойды.
Бәйге тігіп, ат жарыс, балуан күрес.
Халықтар мәре-сәре ауыл толды.
Күндіз той, кешке жиын, шілдеhana,
Рулы ел жиналыпты бұл Аркада.
Он шакты күн той-думан тарқаған соң
Есімін «Сүйіндік», -- деп қойды бала.
Күйеуіне риза болған құдалар.
Құрметтерін көзі көріп балалар.
Байназар би ықыласын білдіріп,

-- Болдык канык сыр алысып сыналар.
Ойын-сауық көрдік қызық күлдіргі,
Ел ішінде ерлерің көп ізгілі.
Келінім мен қарындасым қор болмас,
Ен байлықта еркін шалқып жүргені.
Бес таңбалы ел едік-ау бір кезде,
Іргесі жоқ ыдыраған сол кезде.
Жан мен жан араласып туыстық.
Қарындастың келуімен бұл елге.
Адалдыққа қызды лайық көремін,
Жайылып төсек, аямаған көмегін.
Біріктірген екі жұрттың арасын,
Жалғастырған ағайын ғып өзегін.
Осиеті әкеміздің есімдегі іске асар.
Деген еді: «Еліңді енді өзін басқар.
Қарындастың қамын ойла барында,
Керегінде көмектесер, қарайласар.
Жас та болса ел көсемі, терен ойлы,
Құрметтеген халқы бар Арқа бойы.
Тегіннен Мейрам сопы аталмаған,
Жанашырың сол болар саған жайлы».
Осы еді әкеміздің аманаты,
Би еді халқына жоқ жаманаты.
Болайық бұдан былай бір туғандай,
Біз содан қалған ұрпақ жамағаты.
Осылай аяқтайды сөзін тамам,
«Қолдасын!» -- деп, -- бәрімізді Хақтағалам.
Жүрейік біз аттанып енді елге,
Көп жүрдік ортаңызда болып мейман».
Байназар би бастаған топ жиналды,
Жолдастары әр түрлі сыйлық алды.
Еңу жылқы айдатып Мейрам сопы,
Нұржамалдың қалыңы -- сыйлағаны.
Көп сыйлық беріп еді алмады Асыл,
-- Болмаймын, -- деді, -- сыймен саған масыл.

Бұл өмірде достықтан артық не бар,
Арамызда жүрсе болар достық нақыл.
Дүние ол айырбас сыйлық емес,
Шын дос бір-біріне келмес күндес.
Болайық қияметтік айырылмастай,
Өлген соң, көлеңке де бірге жүрмес.
Алмаймын дүние мүлкін бергеніңді,
Сатпаймын шақырғанға келгенімді.
Есіме мәңгілікке сақтаймын ғой,
Алғашқы рет мен сені көргенімді.
Екеуі төс соғысып құшақтасты,
Мейрімді ақ жүрекнен ықыласты.
Халқына қатар тұрып бас иісіп,
Қол жайып, көпшіліктен бата алысты,
Қоштасты бұдан кейін үш мейірім дос,
Байназарға: «Келем», -- деді, -- сарбазбен
Тағы да шығарып сап қайындарын.
Бір көш жерден оралды айтылып қош.
Қонақтар осылайша жүріп кетті,
Мадақтап құрметтерін Мейрам бекті.
Арада айдан астам жолда жүріп,
Жетісу туған жерге аман жетті.



Жорык

Жүз жігіт құрастырды Мейрам елден,
Ол кезде би, батырға халқы сенген.
Арытып азық-түлік, қару-жарак,
Жорыққа аттанады Арқа жерден.
Жолшыбай ширақ жүрген жігіттері,
Аң қағып, құс атады мергендері.
Меңіреу кең даласы жатқан жазық.
Сиректеу кездеседі өзен-көлі.
Арада көн күн болды жолы ұзақ.
Тоқтады көл басына қамыс-құрақ.
Жайғасып демалады шаршаған топ.
Аттарын шідерлеген мықтап тұсап.
Қарулы он жігіттен сақшы қойған,
Сақтанып қауып-кәтер бөтен ойдан.
«Қай жақтан дұшпандары кездесер?» – деп,
Ғастамаған қаруларын дене бойдан.
Сақшылар санап басқан қадамдарын,
Аралан көлдің маңай жағаларын.
Шұбалаң көтерілген көк түгін,
Сөлай қарай бұрды бағыт, бағамдарын.
Жартасы биік қабақ дөнес екен.
Жан-жағы карағанды, тобылғы өскен.
Жарк етіп жалын оты жылтырады,
Ұйытқысымен жанса керек желдің ескен.
Күн батып қараңғылық түскен кезі,
Ымменен түсініскен сөйлер сөзді.
Абайлап еппен жүріп келе жатып,
Сақшылар отты анық көрді көзі.
Тым жақын оған төніп келген еді,
Дайындап садақтарын кезенеді.
Алты жігіт жер ошақты қоршап алған,
Жайғасып отырғаны сезіледі.
Тыңшысы бұзақы екен жол аңдыған,
Ырлаушысы кәпірдің жоңғарлардан.

Қолдарын артқа байлап, үн шығармай.
Қапыда алтауын да ұстап алған.
Ертемен аттанады жолаушылар,
Жеткенше Жетісуға болып құмар.
Жетектегі иттей боп келе жатыр,
Қолдары арқандаулы қаракшылар.
Арада жиырма алты күн мезгіл өтті,
Діттеген мекеніне бұлар жетті.
Сак жүрген күндіз-түні Мейрам тобы,
Кездеспей жоңғарларға аман өтті.
Қарсы алды келгендерді қайынжұрты.
Даярлап ас-суымен сойған жылқы.
Жан-жағын тау қоршаған күміс көлге,
Шетінен көгалына үйлер тікті.
Асыл ер тосып жатқан үш күн бұрын,
Қосылған мәре-сәре қалың жиын.
Жіберген барлаушылар алдын-ала,
«Жағдайын біліп кел», -- деп, -- жаудың сырын
Тыңшылар саны бесеу сақ келеді,
Күндіз жатып, түнделетіп нақ жүреді.
Мысықша тышқан аулар еппен басып,
Қамысқа қалың копа іркіледі.
Киімдерін ауыстырып екі жігіт,
Мекеніне жоңғарлардың кетті жүріп.
Ішіне араласып дұшнандардың,
Барлық сырын олардың алды біліп.
Тұтқындар әр ауылдың адамдары,
Өз елінің араласқан таныстары.
Бұлардың келер мезгіл уағында,
Алысқа айдамақшы жылқыларды.
Атсыз сарбаз күшінен айырылмақшы,
Қанатсыз құстай зарлап қайғырмақшы.
Жоңғарлар алаңсыз боп жата берді.
Төрт жағына бір-бірден қойып сақшы.
Екі жігіт түн жамылып қайтып келді,

Мөлшерлеп белгі қойып жүрер жерді.
Тездетіп түнделетіп із суытпай.
Хабарын толық жаудың айтып берді.
Сөздері қолға түскен тұтқындардың,
Шамамен шындық болды айтқан бәрін.
Асыл, Мейрам, Байназар кенеседі,
Ендігі істер жұмыс жоспарларын.
Үш жүздей қаруланған сарбаздары,
Байназар қолбасшысы жолға аттанды.
Күндіз жатып, тасада түнде жүріп,
Бібідіртпей келе жатыр жер басқаны.
Он жігіттен қарулы қойған күзет,
Жолшыбай қонған жерде болған әдет.
Сақтанбасаң Тәңір де сақтамайды,
Деген сөзге ол кезде бәрі сенед.
Қамысқа жетті бұлар таң біліне,
Уақыт жоқ тынығуға, көз ілуге.
Нұсқауымен барлаушылар келе жатыр.
Бір Аллаһ жеткіз деумен тілегіме.
Тақалып үш бұрыштан ат қояды,
Шетіне қалың қамыс өрт қояды.
Келісім бойынша тұтқындар да,
Сасқан жауға бақан ала лап қояды.
Жауларын шегіндіріп отқа айдады,
Қышыптап, найза түйрен аямады.
Қазақтар жауын жеңіп, жерін өртеп,
Жазықсыз қан төккеннен кегін алды.
Жинады азық-түлік, мүліктерін.
Арқандады қалған тірі жігіттерін.
Үш мыңдай және айдап жылқыларын.
Көрсетті қазақ халқы бірліктерін.
Мыңдап қой, ірі қара төрт тұяқты,
Шыныссыз Байназардың кегі қайтты.
Қалдырмай ештеңені түйеге артып,
Кенесін көп олжаға елге қайтты.

Тұтқындар екі жүздей бәрі казак,
Зорлықтан қыз, келіншек тартқан азап.
Копшілігі мекендеген оңтүстікті,
Жалайыр тайпасынан Абак-Тарак.
Азат қып барлығын да қоя берді,
Мал-мүліктен әрқайсысына енші бөлді.
Ауылдың тұтқын болған туыстарын,
Ақ түйеге мінгізіп алып жүрді.
Қайтарып кеткендерін ел кенелді,
Байназар бұл олжаны үшке бөлді.
Мың-мыңнан жылқы алып Асыл, Мейрам,
Басқадай олжаларын жөн көрмеді.
Төй жасап, қалың халық жиналады,
Сарбаздар бөлісте арнап сый алады.
Ат жарыс, балуан күрес, жамбы ату,
Төй-думан күндіз-түні тарқамады.
Қызықтап қайынжұрттың дәмін татып,
Аңғармады Мейрам тобы он күн жатып.
Олжасын мың жылқыны алға салып,
Жөнелді елге қарап топырлатып.
Байназар, Асыл, Мейрам басшылары,
Белгісіз енді кашан бас қосары.
Ырза болып бір-біріне адал достар,
Бір көш жер шығарып сап қоштасады.
Мейрамның сол кезде айтқан сөзі,
Қадалып қалғандарға екі көзі.
-- Әрқашан керегің де біз дайынбыз,
Ер жігіт мақтамайды өзін-өзі.
Кім көнбес жаратқанның бұйрығына,
Ризамыз құрметін мен сыйлығына.
Халқыңның несібесі сыйған сіңіп,
Жеріңнің жұпар иісті ұйығына.
Жақсы гой Ұлы жүздің адамдары,
Елінің асқан салт пен саналары.
Жарасқан сыйлығына ибадаты,

Қадірлеген үлкендерді, бағалары.
Байеке, жасын үлкен қайнағасын.
Бас ием барлығыңа кәрі-жасын.
Дұшпаннан кегін қайтты, көңілің шат,
Бір жұртым сендерді мен ұмытпаспын.
Аман бол, қарт Алатау шыңы биік,
Бұлдырап көрінетін бұлтқа тиіп.
Орманың шымылдықтай төңірегінде,
Құстар ұшып, аңдарың жүрген сыйын.
Өзен, көл сенің аққан бұлағыннан,
Сылдыры кетпес мәңгі құлағымнан.
Бұрыннан көныс болған Атамекен,
Айналдым қазақ, қырғыз тұрағыннан.
Қарт Алатау шежіресі өткендердің,
Қысылғанда көп еді өткелдерін.
Кешегі жаугершілік замандарда,
Өзіңе аян басыннан өткергенің.
Әлі бар шашыраған Қалмақ, Ойрат.
Қаракшы боп жүргендер отпен ойнап.
Алты Алаш бірін қалмай бірігіңдер,
Қуыңдар ата жауды жеріне айдап.
Ортаңнан хан сайландар қазақ болып,
Біз де бір халықпыз ғой жиын толық.
Ел болған өз бетімен көп мұсылман,
Қашанғы жүрмекпіз біз көшіп-қонып.
Қазағым, қалтырамай тіріліңдер,
Сілкініп, Отан құрып бірігіңдер.
Жеңіске қолы жетер қолбасшының,
Бойында намыс болса, қайрат-жігер.
Аяқтап сөзін Мейрам қош айтысты,
Біріксек ағайындар болар күшті.
Сағынған Арқа елі -- туған жерге,
Шаңдатып мың жылқыны жолға түсті.
Кездеспей жол-жөнекей ешбір қауіп,
Жетті олар күз мезгілі аяқталып.

Бөлісін көп олжаны ағайындар,
Құрыпты бірнеше күн ойын-сауық.
Арада жылдар өтті бірнеше рет,
Нұржамалдан туыпты екі нерзент.
Қызықты той-думанмен тамашалап,
Аттарын қойыпты «Бегендік, Шегендік», -- деп.
Ел тыныштық, жұрт аман сол бір кездер.
Шат думан өзгермеген мекен жерлер.
Атадан бала туып, ұрпақ өскен.
Артынан жақсылардың қалған сөздер.



Қарқаба

Баяғы жаугершілік заманында,
Ерік жоқ қолға түскен күн мен күл да.
Қалмақтың сегіз жаста бір сұлуы.
Қапыда тұтқын болған түсіп қолға.
Бұл уақытта сәби ғой жастық шағы,
Айырылған ата-анадан құлыншағы.
Қолында Күпияның күтуші боп.
Бірге келген күн болып сынып сағы.
Бұл күнде он жетіге жасы толған,
Тал шыбықтай талдырмаш мың бұралған.
Шық тәрізді мөлдіреп боға көзі,
Есейе елін аңсап жүзі солған.
Беліне қарасаңыз мықыны жоқ,
Екі алма нәзік төсте көрінер ток.
Тізеден қара шашы төгілін тұр.
Жүрегіне жігіттердің салғандай шок.
Қарқаба сол сұлу қыздың аты,
Қалмақтан хан ұрпағы арғы заты.
Қапаланып жүреді екен өскен сайын,
«Әлдекімнің боламын», -- деп аманаты.
Мінезі сүйкімді еді Қарқабаның.
Қара торы аруы сол заманның.
Күпия сіңлісіндей жақсы көрген.
Сезетін төркін жұртын аңсағанын.
Өзі де сағынатын туған жерін.
Жасында еркелеткен ардақты елін.
Жадырап жаз жайлауда ел аралап,
Қоңілін Қарқабаның көтеретін.
Жігіттер бал бикешке қызығатын,
Бірақ та Күпиядан қаймығатын.
Шок басқандай жүректері алып-ұшып.
Бір көруге сыртынан ынтығатын.
Қыз-жігіт араласып келіншектермен,
Дөң асып, өзен бойлап жидек терген.

Дағдысы сол заманның жастарының,
Жаяулап қатар жүріп серуендеген.
Күпия, Нұржамал, Қарқабамен,
Онашада бір өзекте бірге жүрген.
Мейрам бір жақтан келе жатып,
Үшеуіне ойда жоқта кезі келген.
Жан-жағына караса көзін салып,
Бір дәретті көреді көпіршіген.
Толғанып, таңырканып ойға қалды,
Сөздерін қариялардың есіне алды.
Әйелдің зәрі болса көбік атқан,
Ел өсіп, ұрпағы оның молаяды.
Тұлпардың ізі басқа бөтен аттан.
Қыранның күші басым биік ұшқан.
Онаша Күпияны шақырып алып,
Сұрады зәрдін мәнін көбік атқан.
-- Күпия, асыл жарым, ақылшым ең,
Алғашқы адал жаным едің ғой сен.
Үшеуің дәрет алған жерді көріп,
Кімнің зәрі шұңқырланып көпіршіген?
Күпия күлімдеді төмен қарап:
-- Мырзам-ау, барымша берем жауап.
Дәреті қалмақ қызы Қарқабаның,
Осымен тамам болса сіздің сұрақ.
-- Күпия ақылға бай, кенде едің,
Кездейсоқ кереметті көрген едім.
Сол қыздан көп ұрпақ тарамақшы,
Ойласам қарттар сөзін өткендердің.
Бар сырын бәйбішеге баяндалды.
Бұл да бір махаббаттың оянғаны.
Нұржамалмен екеуің рұқсат берсең,
Үшінші неке қылу Қарқабаны.
-- Батырым, әрбір іске сабыр керек.
«Сабыр түбі сары алтын шыдам», -- демек.
Сөйлесіп Қарқабамен біз көрейік.

Төзімді бол, мырзам-ау, болма тентек.
Ұрпағыңды ойлағаның ол да дұрыс,
Артыңда қалған ізің болар тыныс.
Ердің бетін қайтару бізге күнә,
Халқынмен хабарласып, ақыл құрыс.
Мейрам сопы ағайынмен ақылдасты,
Олар да үш некені мақұлдасты.
Қарқабада қасарып қарсы болмай,
Неке құрып, ниетпен шаңырақ ашты.
Осылай өмір, шіркін, өтіп жатты,
Алаңсыз, уайымсыз тату-тәтті.
Мейрам сопы дәл отызға келген шақта,
Қарқаба қалмақ кызы бір ұл тапты.
Болат қожа қойыпты нәресте атын,
Жаратқан артық қылып нұр сипатын.
Той жасап, төңірекке ат шаптырып,
Жиналған хабарласып алыс-жақын.
Өзгерер елу жылда өмір десед.
Ұрпақтан ұрпақ туып, ел боп өсед.
Ұрпағы Болат қожа осы кезде,
Қамыстай қалың өскен Қаракесек.
Арқаның көп рулы елі бүгін,
Өсіпті бауырласып бұзбай жігін.
Заманның қазіргі шак биігінде.
Еңбеккер өнер қуған оқып білім.
Бірді айтып бірді даттап кетпейікші.
Сөз жалғасын Мейрам сопы септейікші.
Өмірін бастан аяқ баян етіп,
Содан соң ұрпақтарын көп дейікші.



Керуен сапар

Елуге жасы келген Мейрам ата,
Бес ұл көрген бұл кезде егде тарта.
Алты кыз үш некеден көрсе-дағы,
Қызды ұрпақ демеген шаригатта.
Бір кезде Шашка жүрмек ниет қылды,
Болса да жолы алыс жұмбақ сырлы.
Бұл ойын керуен құрып алыс сапар,
Ақылдасып ауышымен мәжіліс құрды.
- Уа, халқым! Ниет қылдым керуен сапар,
Аралауға аймақтағы үлкен шаһар.
Жиырма жігітпен бес жүз жылқы айдамакпын,
Қосыңдар малдарыңды сауда-сатар.
Келермін қыста қыстап, келесі жаз,
Демеймін кәрілік жетіп тұмырым аз.
«Елуде ер мінезді», -- дейді қазақ,
Көрейін серуендеп елді біраз.
Халқы қадірлеген бiнiн сыйлап,
Отырған үн шығармай сөзін тыңдап,
Қиналып рұқсатын берген екен,
Ортаға әр шаңырақ малын жинап.
Тобынан жиырма жігіт керуен құрып,
Жолға жетер арттырды азық-түлік.
Қоштасып ел-жұртымен жолаушылар,
Сәтті күні сапарға кетті жүріп.
Бұлардың шыққан уағы көктем кезі,
Жолшыбай жамырай қонған жайлау елі.
Ежелден қонақ келсе қарсы алатын,
Дәстүрі атам қазақ мекендері.
Келеді ел аралап ұзын керуен,
Қоныстап жолдағы елге кезі келген.
Өзен бойлап қол жағалап, тамашалап.

Шаш – Ташкент қаласы.

Саяхаттан жол бойы құрып серуен.
Таусылып Сарыарканың шекарасы.
Есіл, Нұра, Шүйлік жер арасы.
Жолшыбай шашыранды түгі де жоқ.
Кездесті Бетпақтың құм даласы.
Бір айдай жүріп олар қалжырады.
Кезіп өтіп, шөлайыр кең даланы.
Көк теңіздің көрініп көгалдары,
Керуен рахаттанып дем алады.
Шудан асып Қаратауды басып өтті,
Бір жарым ай өткенде Яссы жетті.
Дем алып осы жерде үш күн қонып.
Таразга¹ тура жолмен жүріп кетті.
Тараздан Шаш шаһары алыс емес.
Көрмеген бұрын халқы таныс емес.
Малдарын делдал² арқылы саппак болып,
Сапаршылар бас қосып қылды кенес.
Ақыры аяңменен Шашка жетті,
Жолдардан қиын-қыстау аман өтті.
Табиғаты тым ыстық көрінеді,
Күйдіріп жер басқызбас төңіректі.
Бұл қала өзбектерге астана екен.
Ұлтына мұсылманның баспапа екен.
Салынған әсем үйлер, зәулім мешіт,
Өндіріс, сауда ордасы кәсіп мекен.
Халқы құжынаған құмырсқадай,
Жері ыстық, желі соғар тыныстамай.
Түстері қара, қоңыр, ақшылы жоқ,
Бәдәуидей түртік ерін ұрысқандай.
Бір жұмада жылқыларын сатып болды,
Мейрамның алтын, күміс қойны толды.
Аралап қызықтады шаһар ішіп.

¹ Тараз – Жамбыл қаласы.

² Делдал – алыпсағар (араб сөзі).

Кішіні жігіттері дәулет қонды.
Кеш бата келді бұлар үлкен сарай.
Үй берген ерек, бөлек оңашалай.
Бөлмеде Мейрам жалғыз отырғанда.
Бір бек жігіт іздеп келді жөнін сұрай.
Жанжігіт деп таныстырды ол атын.
Әкесі Тоқтар тажыр¹ түркі затын.
Анасы кара Керей қазақ кызы.
Көп ойлап, елі-жұртын сағынатын.
-- Әкеміз біздің түрік Тоқтар атты,
Сауда жасап, қазақ елін аралапты.
Найманның кара Керей қызын алып,
Керуен құрып, мал жиып мата сатты.
Баладан екі ұл көрген біреуі мен,
Кетіпші жеті жаста әкемменен.
Елде қалған шешеммен бірінші ұлы.
Туған ағам сол жақта Байжігіт деген.
Әкеміз мал-мүлікті көп жинаған.
Шаһардың шет жағынан кен үй салған.
Өсіріп бау-бақшада түрлі жеміс,
Көп байлық енші болып қалған маған.
Алпыстан асқанда ол алған тоқал.
Болған соң сүйегі асыл емес осал.
Жалғыз қыз сол әйелден туған еді.
Қарындастың есімі Мариям-Никәр².
Әкеміз ақылды еді байлық құрған,
Қазіргі мен жалғызы содан туған.
Дүние, мүлік ұстаған құл-күні бар.
Мен де тажыр оның ізін қуған.
Хабар жоқ шешемнен хәм ағадан.
Білемін туғанымды сол анадан.
Аңсаймын, туған елді сағынамын.
Қимаймын әкемді де асыраған.

¹ Тажыр – саудагер.

² Никәр – сұлу, ару.

Сол жұрты анамыздың сен боларсың,
Сіз нағашы, жиеніңіз мен болармын.
Қонаққа ақ көңілмен шақырамын.
Алшақтатпай жақындатып ел арасын.
Мейрамды жақын тартқан нағашы деп,
Тілегін жиеніңнің қалашы деп.
Барлығың да бірін қалмай келіңіздер,
Жиен назы оған жоқ таласың деп.
Жанжігіт тартымды екен ақ құбаша,
Қыр мұрын, кен иықты, бойы орғаша.
Жігіттерді ертіп Мейрам тобыменен,
Келеді жиенімен алда оңаша.
Екі қабат кең сарай сырты қорған,
Осыншама ғажайып қалай салған?
Қарсы алды қонақтарды күтушілер,
Бөлмелерге өткізіп бақша алаңнан.
Үстіңгі үйге енгізді ауасы кең,
Ұсталған төрт қабырға қалы кілем.
Төселген текеметтер ою-өрнек,
Құс жастық, төр корнелер, жібек кілем.
Келгендер бейне жұмақ кірген үйі,
Дастарханда алуан түрлі тартқан сыйы.
Шарантың әртүрлісі және де бар,
Уыз қымыз бал татыған майлы күйі.
Етке дейін шәй ішті сусындатып,
Біреуі шарап, кейбірі қымызға қанып.
Көрмеген сыйды көріп Мейрам тобы,
Күліп-ойнап мәжіліске болды қарық.
Осы кезде кіріп келді бір топ жастар,
Ішінде тамадасы бар ойын бастар.
Кигені үстеріне сәнді киім,
Көрсеткен бір-біріне ықыластар.
Бұл топта жігіттер мен қыз-келіншек,
Қонақтарға сәлемдесті әйеншектеп.
Жағалай торден төмен орын алды.

Қобыз, сырнай, домбырадан сызылып шек
Ән шырқасып, күй шертісіп, ойын қызды.
Жағалай Мейрам бір кез көзін сүзді.
Ортада домбыра шерткен байқан қалды.
Ақ мақтадай үлбіреген сұлу қызды.
Қап-қара қолаң шашы бірнеше өрім.
Алма мойын, оймақ ауыз, қызыл ерін.
Қонақтың қарағанын ол да сезін.
Төнкеріп жасырады бота көзін.
Отырып Мейрам әлек ойға қалды.
Туғалы көрмеген соң мұндай жанды.
Тіл қатыспай түсініп бұл екеуі.
Еріксіз ойлар өршіп, сан толғанды.
Жанжігіт сезген еді Мейрам түрін.
Қараған жанарымен ұғып тілін.
Азаматқа қарындасын таныстырды,
Сұлуды ән шырқаған әсем үнін.
Өкінді аһ ұрып Мейрам тосын,
Шіркін-ай! Жастық өмір жықты қосын.
Ертерек егде тартпай кездескенде.
Жан сүйіп жарасар ма еді құшып құсын?
Амал жоқ, көз қимайды жүрек саран.
Қайтесін қол жетпеске болып алаң?
Ол -- аққу махаббаты бұзылмаған,
Нәпсінің ермегі емес сүйген адам.
Осылай ойға шомды Мейрам нитен.
Қартайып махаббаттың уын ішкен.
Тізінідеп өзіне-өзі тоқтау салды.
Үш некелі екенін сезіп күшпен.
Жанжігіт бұл ойын да сезді анық.
Білетін ол Мейрамды сырттай қанық.
-- Нағашы, -- деді келіп, -- ренжіменіз.
Сыйымды аямаспын қолда барлық.
Әкем де ризалығын берер сізге,
Болсаңыз қарындасқа ынтығарлық.

Әлі де қайратыңыз кеміген жоқ,
Елуде ер емес пе күш сынарлық?
Ойланып Мейрам айтты: -- Ол болмайды,
Арасы жас алшақтық жоқ ыңғайы.
Ол аққу ашылмаған махаббаты,
Кездесер келешекте тең жұбайы.
Қонақтар он күн жатып қызықтады,
Жанжігіт аямады қолда барды.
Сексеннен асқан жасы Токтар тажыр,
Кісілерді өзі келіп шығарып салды.
Кетерде қария айтты оған арнап:
- Қайтқанша қонағым бол, шаһарды аралап,
Бөлек бөлме, күтушілер, бәрі де әзір,
Қысқа қарай осында болсаң қалмақ.
Бабаңдай Қотан жырау көзім көрген,
Жолдас болып қасына талай ерген.
Кешегі Әз Жәнібек хан кезінде,
Орта жүзден өз еліме көшіп келдем.
Иә, балам, болам десең осы жайым,
Дос болыңдар, баламменен мәңгі лайым.
Жанжігітім тапқан екен нағашысын,
Егпеймін енді өмірге ешбір уайым.
Бұл тілекке Мейрам да болды ырыс,
Алаңдаумен кәрі көңіл сұлу қыста.
Қасында Жанжігітпен жәрменкелеп,
Базаршылап жасады қызу сауда.
Бес жігіт ерітіп қалғандарын,
Қайтарды еліне арғып жинағандарын.
Келесі көктемде үш жүз жылқы,
Әкеліндер деп тапсырды жоспарларын.
Өзі қалды қыстамаққа өзбек жерін,
Танысып қонақ қылды би мен бетін.
Жақсылармен меймандос болғаннан соң,
Аралады армансыз қалың елін.
Бір күні бақшасында Токтар қожа,

Кездесті сұлу қызбен оңанада.
Төңкеріп мөддір көзін ұсынып тұр.
Түйіншекті түйілген орамалға.
-- Бетпе-бет айта алмадым ашық жайып.
Деді ол: -- Сөкпеніз, сіз тағы да айып.
Оқыңыз, сізге арнаған хат еді бұл.
Берді де сұлу болды көзден ғайып.
Түйіншегін орамалдың Мейрам шешті,
Мезгілі еді намаздыгер уақыт кешкі.
Хат екен төрт бүктеулі орамалға.
Оқиды көп ойланып сырын ішкі.
Жазылған сөздері тізбектеліп,
Тапсырған өз қолымен іздеп келіп.
Жан сыры, махаббаты ойланарлық,
Жазылған қоз жасымен хатқа теріп.



Қыздың хаты

-- Қалам алдым хат жазуга,
Қағазға сөз сияд та.
Жазығым жоқ бұл қаламда,
Мөлдіреп көз ұятта.
От боп жанып жас жүрегім,
Тиянақ бір таппады.
Махаббатым бар тілегім.
Ұяттан, ардан аттады.
Ерік бердім қарындашқа,
Жаз деп жүрек бар сырын.
Санамаңыз қарындасқа,
Сүйген жүрек жан сырын.
Бұл алғашқы махаббатым,
Ұйқыдан жаңа оянған.
Жалындатып жүрек датын.
Шыдай алар қай адам?
Сізді сүйіп жас жүрегім,
Ұйқы бермей бойыма.
Ләззат тапса бұл тілегім,
Мәңгі қалар ойымда.
Сіз қырансыз биік ұшқан,
Бұлтқа сініп кетер ме?
Мен аққу ем ерке құстан,
Жайсам қанат жетер ме?
Биіктемей төмендеші,
Қанатыңа қондыршы.
Аялашы, еркелетші,
Тоятыңды тойдыршы.
Елемесең еркелетпей,
Лапылдамай сөнейін.
Жараланған жас еліктей,
Қайғыменен өлейін.
Сағындырмай жауабыңды,
Тездетіп, жаным, дергім жаз.

Тарттырсаң сен азабыңды,
Өз обалым өзіме аз.
Жас деп мені аямаңыз,
Жас та ғашық бола алар.
Сіз деп мені сыйламаңыз.
Сен дегенің жөн болар.
Ақыры қалам алды Мейрам қолға,
Аһ ұрып, тыныс алып демін зорға.
Хат еді шынын жазған кимаса да,
Ақтарып ақ көңілін сопы қызға.



Мейрамнын жауабы

Окыдым мен сәлем хагты,
Жазганыңды маған арнап.
Толкып ойым жанға багты,
Жүрегімді жаралап.
Көзбен шолып мен өзімді,
Қарап едім айнаға.
Байқамадым жас сезімді,
Ақшыл тартқан айнала.
Салыстырып өткен күнмен,
Елжіредім бір мезгіл.
Кәрілік жеңіл, шошыды денем,
Азғырмасын әз әзіл.
Сен болғанда киік лағы,
Мен жолбарыс жаралы.
Бұл өмірдің өтін сәні,
Сөнген кезі шырағы.
Кәрі жыртқыш тышқан аулар,
Қалған сәттің әуресі.
Ақ қанатты ақ арулар,
Сендерде жоқ дәмесі.
Сен қызғалдақ жас гүлденген,
Тамыры нәзік үзбейін.
Бұл өмірден біз түңілген,
Салқын тартқан күздейін.
Теңізді тап сен періште,
Менен сізге рұрсат.
Сен қаларсың мәңгі есте,
Алыс кетіп сағынсак.
Кінәлімін ерте туып,
Жас шағымда кездеспей.
Қартаң тартып денем суық,
Кетейін сені кірлетпей.
Қош, асыл жан, кимасам да,
Жүрегімді тебірепткен.

Көз жасыңды тымасаң да,
Тағат қыл, сен бойжеткен,
Осыменен аяқтайын.
Дяпышты хатымды,
Жүрегіме мен сақтайын.
Мәриям деген атыңды,
Осылай жібереді жауап жазып,
Болмаған соң өз теңі өмірге азық.
Ғашықтық қартайғанда қиын екен,
Барады күн-күн сайын жүдеп азып,
Сары аурудай сарғайын жүрген шағы,
Барағұғын жалғыз жер Токтар бағы,
Онаша отырғанда ойға шомып,
Хат келді Мәриямнап және тағы.



Қыздың екінші хаты

Тағы да алдым ак қағазды,
Жүрек сырын пшмайлап.
Тиянақсыз шыдамым азды,
Болдым ғашық мен бейбақ.
Оқыдым мен жауап хатты,
Көз жанарым мөлдіреп.
Тырнағыңыз қатты бағты,
Жас денеме үлпілдек.
Кәрілікті мөйынға алып,
Қиналасыз сіз лашын.
Өткен шақты еске алып,
Өлшейсіз жас арасын.
Махаббатта бөгеу бар ма.
Қалай күймей тұрарсыз?
Жаны сүйген ғашық жарға,
Кінә неге тағасың?
Сүйегінін сенің анық.
Саған мен де құмармын.
Сенде сәуле, менде жарық,
Сөндірме жүрек шырағын.
Қайтеміз біз жас арасын.
Көрген күні ұнадың.
Сусаған шөл бір қанарсын.
Не істесең де шыдадым.
Еркем деші, еркелетші.
Ак жүзімді аймалап.
Осы баққа ертең келші.
Суымай жүрек тайғанақ.
Сағынарсың есіңе алып,
Салған жардың төсегін.
Жадырарсың құмар қанып,
Елемей елдің осегін.
Менің белгім алма ағашы,
Басына қойған гүл болар.

Жазылса екен жан жарасы,
Күні туып бір тынар.
Осыменен аяқталсын,
Екінші шаққан мұң-зарым.
Қабыл алшы, жас ықыласын,
Жар болуға ырзамын.

* * *

Отырған терең ойда бак ішінде,
Сұлу жар маза бермей түн түсінде.
Бір кезде гүлді көрді алма ағаштан,
Белгісін кездесер жер алды есіне.
Кеткісі келді бақтан үйге қарай,
Қадамын кейін кеткен іштен санай.
Шоктанып дүрсілдеді кәрі жүрек,
Қайрадан бұрылады шыдай алмай.
Келесі күн ұйқыдан ерте тұрды.
Ерсіл-қарсы бак аралап сейіл құрды.
Токтады гүлді көріп белгі ағаштан,
Суынып кәрі дене бірде қызды.
Денесі кейде мұздап, кейде қызды,
Күтуге бел байлады сүйген қызды.
Бір кезде қас қарайған мезгіл еді.
Естіді сылдыраған сыбыс ізді.
Таранған аккумуля құстай қанат жая.
Қосылды екі ғашық күн қасқарая.
Белгісіз жылағаны, күлгені ме.
Ұмтылды құшағыннан бер деп сая.
Қос дене бір кісідей құшақтасты.
Лебімен бір-бірінің мауқын басты.
Шын сүйген көбелектей отқа түсер,
Ғашықтық талғамайды кәрі-жасты.
Бұл бір түн естен кетпес махаббаттың,
Қызығына қандырған бар сұхбаттың.
Көз ілмей таң атырды бак ішінде,
Еркіне берілгендер бал ләззаттың.

Осылай жүріп жатты күндер отіп.
Жас қызды мырза жүрді еркелетіп.
Көрсетіп ойын-сауық серуенден.
Пәуескеге мінгізді ат та жегіп.
Бар қызық екеуіне ортақ болды.
Табылғандай кемтігінің толыш орны.
Аралап қызықтады шаһар ішін,
Барды олар көрмелерге жиын толы.
Бір күні барды базарға,
Пар ат жегіп арбаға.
Межеге жетіп түседі,
Кірер бетте аулаға.
Келе жатып байқады.
Тұрған жанды алаңда.
Бір жас жігіт, келіншек.
Қасынан өтті таяна.
Көтереді алма кезек.
Ынтық болып балаға.
Сүйіп жатыр тілін безеп,
Сәби қымбат болар ма?
Жас сәбиді кезек сүйген.
Қадірін бала қымбат білген.
Мұны көріп Мәриям-Нәһар,
Қырын қарап, мырс күлген.
Хан базардың ортасына.
Келді скеуі қолтықтасып.
Көзін салып жан-жағына,
Алмақ ауқат тартса нәсіп.
Бір жас жігіт кимелеген,
Алып жатыр түрлі тағам.
Қонағы бар үйіне келген,
Асығыс түрі содан болған.
Мұны көріп Мәриям-Нәһар,
Теріс қарап тағы күлген.
Шыға беріс есігі базар.

Арапап бұлар сонда келген.
Екі адам бір бұйымға,
Келісе алмай саудаласқан.
Бірі сұран бес сом пұлға,
Бірі үш сомға бағаласқан.
Бағасына келісе алмай,
Айырылысып жүре берген.
Көріп соны таңданғандай,
Мәриям-Нәһар және күлген.
Осылай бұл екеуі базарлаған,
Керегінше мөлшерлі алған тағам.
Мәриям-Нәһар үш рет неге күлді,
Көңлі Мейрам соған алаңдаған.
Отырып бұл екеуі пәуескеге,
Беттеді қайтпак болып енді үйге.
Жолшыбай шыдай алмай сауал қойды,
Білмекке күлгендерін нендей күйге.
-- Жарым ең жаным сүйген еркелеткен,
Жазымай мен келемін жұмбақ дерттен.
Жасырын екеумізден сыр барма еді,
Үш рет күлдің Нәһар не себептен?
Мәриям тура қарап сүйген жарға,
Сұраққа айтпай жауан жөні бар ма?
-- Бұл өмір жалған-ау алас ұрған,
Риза болып жүре берген қолда барға.
Бала сүйген келіншек, әлгі жігіт,
Бертінде тұрмыс қылған үміт қылып.
Жігіттен жаралмаған әлгі сәби,
Ойнастан туган бала жүріс жүріні.
Басқа кісі тағам алған түрлі-түрлі,
Асығыс жасады ол сәтті күні.
Бұдан соң тұз болмайды, ол ұмытты,
Тағамның болмайды ғой тұзсыз дәмі.
Сатушы бес сом сұран дәмеленген,
Үш сом беріп алушы әуреленген.

Екеуінің сегіз-ақ күн өмірі қалды.
Ойына кіріп шықпас өлім деген.
Бес-ақ күн өмірі бар алғашқының.
Екіншісі үш-ақ күн білмеген өлер күнін.
Адамзат аз өмірге келген қонақ.
Осыларды көрген соң күліп тұрғым.
Риза бол, осы менің біліңдерім.
Мазак емес, ыза болып күліңдерім.
Аллаһтың әмірі ғой сәуегөйткік,
Өзіме де белгілі аз күндік жүргендерім.
Көп жүрмесің тақауда босанармын.
Ісіне амал бар ма жасағанның?
Бұ дүниеден кетермін сен қаларсың.
Есігін бір жола аттап босағаның.
Ренжіме, менен туған ұлың болар.
Өзіңдей ел сыйлаған топты жарар.
Қызығын көре алмассың сен де оның.
Бірақ та артқы елге ұрпақ қалар.
Өзірше осы менің бар білгенім.
Арманым орындалды бір жүргенім.
Ашылып саған бүгін сөйлегенім.
Болмасын жасырын сыр деген едім.
Күндіз қыдырып, түнде бірің бақ ішінде.
Зымырап уақыт өтті сенерсің де.
Арада бес-алты ай өткен кезде.
Өзгерді қыздың түрі іш біліне.
Жанжігіт сезіп жүрді мұның бәрін.
Қуанып қарындасқа тапқан жарын.
Мейрамға той жасайық деген еді.
Деді ол: «Керуен келсін ықтиярың».
Жаз бітіп, қыс та өтіп, шықты көктем.
Бір күндей көрінбеді бір жыл өткен.
Мезгілі мамыр айы болса керек.
Мәриям толғақ қысып өні өзгерген.
Қиналып босанады таң біліне.

Көкшіл тартып, сөйлеуге тіл күрмелген.
Мейрамға қарай берді көп үніле.
Қоштасты жанарымен, мөлдір көзбен.
Дүниеден сапар шекті түстен ауа,
Тағдырдың ажалына бар ма дауа?
Артында туған-туыс жылап қалды.
Еме алмай ана сүтін жетім бала.
Үші өгіп, Мәриямның қыркы болды,
Мейрамның бұрынғы емес өні солды.
Ойлаумен сүйген жарын күндіз-түні,
Кетпейтін көкірегіне қайғы голды.
Жас өмірі Мәриямның өтті қысқа.
Сағымдай елестейді беріп нұсқа.
Бар күнәһар тәрізді Мейрам соны,
Бүркіт емес, айналған қара құсқа.



Мейрамның қайғысы

-- Жалғанда жас адамның жан үзуі.
Қара тұяқтан жан кегіп күйзелуі.
Бұдан өткен азапты көре алмадым,
Күрмеуге келмейтұғын аз өмірді.
Мәриям менің үшін өтқа күйдің.
Алғашқы махаббатты елгин сүйдін.
Жүрегім лепірді ғой қайыру бермей.
Боларын кім ойлаған мұндай күйдің.
Саидалып Сарыарқадан неге келдім,
Несіне сен аруды әуреледім?
Арасын жас ашақтық сылтау етпей.
Болдым ба ажалыңа ортақ сенің?
Жақсы еді көргенімнен қормегенім,
Қалайша жас обалын сезбегенім?
Бір Аллаһ құрбандыққа неге алмады.
Жолыңда сенің үшін неге өлмедім?
Жақпады Жаратқанға қай істерім.
Уланып күйіп барад ішкі дертім.
Табыстырған екеумізді ынтықтырып,
Дүниеге келуі ме еді нәрестенің?
Мәриям қалай білдің өлеріңді,
Әулиедей ерте болжап көреріңді?
Базардағы айтқаның дәл келмесе,
Өзім де біле алмадым сенерімді.
Сен кегтің, тірі қалдым мен бейбақ шал,
Қоса өлуге жан тәтті не амал бар?
Жаратқан ақиретте жолықтырсын.
Тақау шығар кешікпес маған да ажал.
Осылай көп толғанды Мейрам мырза,
Қартайғанда ғашық болған сұлу қызға.
Салдырып әшекейлеп әсем күмбез,
Ескерткіш тастан қойды ару қызға.
Бұл кезде келген еді керуендер.
Уақыт жоқ бұрынғыдай серуендер.
Жылқыларын өткізіп делдалдарға,
Сатып алған самсаған саудагерлер.

Жанжігіт іздеп келді Мейрам ерге,
Қайтақшы әзірленіп Арка елге.
Қолтықтап нағашысын оңашалап.
-- Сөзім бар, -- деді, -- мырзам, менің сенде.
Қимаймын, асыл достым, Мейрам мырза,
Бас костық бір азырақ біздер ырза.
Қалып барад артыңда жас нәресте,
Қоярсыз кім деп есімін ұрпағыңызға?
-- Қоярсың ұлым атын Кәріжас деп,
Үйткені, жас арасы тым алшақ ед.
Жиенінді жүдетпей өсір, достым,
Қош-есен бол, бұдан кейін көріспесек.
Атқа мінсін маған тартып он жасынан.
Ертіп әкел, нағашысың жаны ашыған.
Мойнынан алтын алқа шешіп берді.
Деп белгі жан балама атасынан.
Берерсің бұл алқаны Кәріжасқа,
Келгенде атқа берік дәл он жаста.
Іздесін Сарыарқадан елін-жұртын,
Ертіп кел, біздің жаққа өзін баста.
Көрсетсін бұл алқаны бәйбішеме,
Күпия саған болар нағашы жеңге.
Анасы ғой аймалап қарсы алар ол.
Жанашыр туысы көп біздің елде.
Қайынаға әрі жиен болдың маған.
Тапсырмам тіршілікте осы саған.
Оған дейін өмірде кім бар, кім жоқ.
Болжаусыз ажал деген білмес адам.
Ал, достым, кешікпейік, біз жүрейік.
Қоштасып дос ниетін білдірейік.
Білмеймін, бұдан кейін көреміз бе?
Тіршілікте аман-есен көрісейік.
Күмбезіне Мәриямның соңғы барды.
Жүректің күйігінен жасы тамды.
Қоштасып аз күн жүрген жарыменен,
Мейрамды жақын достар шығарып салды.

Туған жерге қайту

Жағалап Жібек жолын Шудың суын,
Аралап Бетпақ дала Мөйынқұмын.
Керуендер суыт жүріп келе жатыр,
Жағасымен Аркадағы Сары судың.
Бір ай аса жол жүрді Арка еліне,
Кір жуып, кіндік кескен өз жеріне.
Көрісіп туыстарымен мәре-сәре,
Ел-жұрты қарсы алды төңірегінде.
Мейрамның түсі өзгерген, оңі жүдеу,
Азаптын таңбасы бар салған біреу.
Ашылып сыр айтпады еш бір жанға,
Болмады байлық, бақыт бойға демеу.
Осылай бес жыл жүрді ауру жандай,
Жүректің қайғы-шерін ақтара алмай.
Ақыры ішкі дерті, ауру мензеп,
Төсек тартып жатады шыдай алмай.
Бір күні кешкі мезгіл шамасында,
Шақырады әйелдерін, баласын да.
Көтеріп жастығынан басын әрең,
Ақтарды мұңлы сырын онашада.



Мейрамның ақырғы өсиеті

-- Тыңдаңдар, әңгімемді салып құлақ,
Бұл фәни¹ адамзатқа болмас тұрақ.
Аралап талай жерді қызықтадым,
Қазірде жатырмын мен жүректі улап.
Шүйлік бойы мен Бетпақ дала,
Көктеңіз бен Шу бойы Жесы қала.
Жүрген жерім осындай қиын соқпақ,
Токтадық біз Тараз бен Шашта ғана.
Сауда-саттық жасадым қызықтадым,
Көз салып көрінгенге қызықнадым.
Оянғандай елес берді ойда жоқта,
Кәрілік ұмыт болып жастық шағым.
Бір күні бақ аралап жүрген едім,
Секірген жас елікке кезі келдім.
Мөлдiреп екі көзі тұра қалды,
Бiле алмай не қашарын, еркелерiн.
Арканың бiр аны бар киiк деген,
Түзде өсiп, ол көрмеген құрық, көген.
Адамның ұстамайтын аны бар ма?
Құтылмас жебесiнен² аңшы мерген.
Ойлады сондай аңның бiрi ме деп,
Тапжылмай тұрғанына тiрi ме деп.
Аяңдап дәл қасына барғанымда,
Қыз болып шыға келдi әлгi елiк.
Сөйледi елiк қыз маған қарап:
-- Көп күттiм, -- дедi, -- сенi сағат санап,
Сұңқары Сарыарқаның есенбiсiң?
Күтушi ем өсы бақта күнде аралап.
Шашка бiздiң келдiн бе Арқа ерi,
Тосумен жүрушi едiм сенi дедi.
Жолықтық бүгiн бақта құдай айдап.
Жазылар болды бүгiн жүрек емi.
Сөйттi де күшпақтады емiренiп,

¹ Фәни -- өмір, дүние.

² Жебе – садақтың оғы.

- Ғашығымсың, -- деді аймалап, -- мәңгі мендік.
Жас арасы алшақ ден кашқақтадым.
Еркіме жібермеді, бірақ, елік.
Жұмбақтап айтып отыр қызды аяп,
Жасырмай болған істі бастан аяқ.
Қайтейін, қарғайғанда кесел болды.
Кетермін бұл фәниден ұмытпай-ақ.
Алыста туған бала болса да ұят,
Өз ұрпағым ол өсер болат тұяқ.
Аманатым тапсырған бәріңе де,
Алалап жасамаңдар, іс қиянат,
Болыңдар, үшеуің де анасындай,
Алаламай өгей шеше баласындай.
Мен кінәлі туа жетім нәрестеге,
Қиын екен кәрі мен жас жарасқаны-ай!
Шаршады көп сойледі сырын толған,
Қисайды жастығына басын қозған,
Тершігіп көз жанары сола түсті,
Әлі жоқ, бұдан артық сөзін сөзбақ.
Ақырғы сөзі болды баки² өтер:
-- Тағының алтын алқа бала келер,
Танысаңдар сол алқаны мойыныдағы,
Бар белгісі баламның осы сенер,
Күпня, жан жолдасым акиреттік,
Сау болыңдар, сіздер қалып, өзім кетіп,
Артық кеткен ісімді кешіріңдер,
Желдей есіп өмірден жеріп кеттік,
Күн батқан, ай туған кез алтын арай,
Өмір қызық екен ғой жаратқан-ай!
Дүниеге кімдер келіп, кім кетпейді?
Жан тапсырды Мейрам сопы таңға қарай.

² Баки – о жапан.

Мейрамның о дүниеге аттануы

Жабады ак шүберекпен өлік бетін,
Оң жакка жатқызады емін-еркін.
Жиналып ауыл-аймақ күніренді,
Қатындар жылап жатыр жыртып бетін.
Он жігіт атқа мінді хабаршыға,
Аймақтағы жақын ел жанашырға.
Хабар тиген халықтар ағыл-тегіл,
«Ой, бауырым!» -- деп келін жатыр азаншыға.
Бұл жай ен жайлауға тез тараған,
Топтанып келіп жатыр құлактанған.
Бірнеше үйлер тігіп айналаға,
Сыртқа найза тігілген ак байлаған.
Таң ата «Ой, бауырымдап» қаптаған жұрт,
Ұнжырғасы түсіп кеткен өзгерген жұрт.
Қара киіп, қайғырған жандар,
Ак орданы коршаған үрпиісіп.
Арғыннан жан қалмады жиналмаған,
Өліміне Мейрам сопы киналмаған.
Осылай мәйітті де жерлеп бітті,
Жыр кылып айтып жүрер артта қалған.
Саба-саба қымызбен келген халық,
Қой, жылқы, түйелерін жетекке алып.
Үшін де, жетісін де, қыркын да,
Өткізді ағайындар бір топтасып.
Жылын берді жиналып маңайда ел,
Ас берді болғаннан соң атақты ер.
Ат жарыс, балуан күрес, жамбы атып,
Өткізді Мейрам асын жер тебіренер.
Жақсының өзі өлсе де аты калар,
Ұрпағы кейінгі өсіп орны толар.
Жалғыздың өзі өлсе тұяғы жоқ,
Атаусыз артқыларға мәні солар.

Кәріжастын Арқаға келуі

Өлгені Мейрам соны бес жыл өтті,
Жыл санап Кәріжас та онға жетті.
Жанжигіт өзі бастап баланы ертіп,
Нөкерін қасына ертіп керуендетті.
Бір жарым ай олар жол жүреді.
Туған ел Жанжигітке Арқа елі.
Сұрау салып, мекен жерін Мейрам соны,
Керуен ұзақ жолдан жеткен еді.
Қарсы алды қонақтарын күтпін ауыл,
Жағ емес, жұрағаты әрі бауыр.
Түсіріп ақ боз үйге қонақ күтер.
Жаксылар сәлемдесті көріп тәуір.
Үш әйел Күпия бастап келді үйге,
Көрмекке адамдарын қандай күйде.
Танысып біліскеннің айыбы жоқ.
Бас қосатын олармен ылын бірге.
Күпия таныспаққа сөз бастады.
Ол кезде бар ауылды сол басқарды.
Жағалай жан-жағына қозін шолып,
Сөйледі келгендермен танысқалы.
-- Бірің құрдас, бірің жас қонақтарым,
Келесіздер қай жақтан қарақтарым?
«Жаксыны білмек парыз», -- деген сөз бар.
Өрқашан қабыл болсын талаптарың.
Жауаңдаған жас бала әп-әдемі.
-- Апа! -- деді тәп-тәтті шыққан үні.
-- Балам-ау, қай уақытта қордім сені,
Түріңді шыраматам бір кездегі.
Сен шырақ, жөніңді айтшы, таныстыршы,
Ананның анарынан сүті иіді.
Орнынан тұра келді бала сәби,
Көрмеген махаббатын, ана әлди.
Таң-гамаша отырған жамағаттар,
Жапарлары жас болды сөзін аңди.

-- Анажан, мен жетімек сені іздеген,
Бір кезде сұм өмірге тірі келген.
Міне, алқа атам берген таңбасы еді,
Аманат деді ұстап бізге берген.
Бар сырым осы алтын алкасында,
Он жыл бойы мен жүрдім қалқасында.
Ана сүтін ембеген мен жетімек,
Әке мейірімін көрмеген өз басына.
Күпия аңырады жасын бұлап,
Жиналды ауыл-аймақ елі шулап.
Өлгені тірілгендей шамы жанып,
Халқына түсіндірді сөзін жалғап.
-- Уа, халайық, өлгенім тірілді ме?
Сенейін бе, қарап тұрып көзіме?
Алтын алқа бидің берген аманаты,
Аралап жаһан кезген бір кездерде.
Өздерің білесіңдер бидің жайын.
Көп еді ғой бір басында құда, қайын.
Сапарында керуен құрып Шашка барған,
Сол кезін жасырмайын, жариялайын.
Мырзамыз ақылға кен, сөзге тұйық,
Еркелеткен кедейін байды тиып.
Қажымайтын қайратты жігіттермен,
Жаһан кезген, араласқан көпті көріп.
Жолсапардың арқасында біздің мырза,
Ғашық болған қартайғанда түрік қызға.
Махаббат кәрі-жасты талғамаған,
Жүруші еді біздің би ортамызда.
Баяндады бастан өткен Мәриям жайын,
Тыңдады отырған ел, бар ағайын.
Әр сөзін өткен өмір елестетіп,
Кәріжастың иіскеледі кең маңдайын.
-- Қараңыз, қарағымның келбетіне,
Ұқсаған бидің жас кез өз бетіне.
Келсеңші, мауқымды бас, балапаным,

Иіді-ау, аналық сүт қос төсімде.
Сөз бастады ортадан отағасы:
-- Орынсыз енді болар көздің жасы.
Қуаныш пен қорқыныш бірдей десең.
Шын екен бұл айтылған сөз нұсқасы.
Жасыңды тый, Күпия қуаныңыз.
Жаксылыққа бәріміз құмарлымыз.
Думандат, шаңырақтың иесі келді,
Бұдан былай Мейрам болсын ұранымыз.
Күпия, камдана бер, тойға жабдық.
Жиналсын төңіректе барша халық.
Ортаңда ел қонғандай ұлың отыр,
Не керек енді өмірде бұдан артық?!
Күпия жақындармен ақылдасты.
Дүрілдетіп басын қоспақ кәрі-жасты.
Ат шаптырып аймаққа хабарлауға.
Балалар ана сөзін мақұлдасты.
Бірнеше үй тігілген өзен бойы,
Сойылған жылқы малы, жүзден қойы.
Саба-саба қымызы толып жатыр.
Болған соң шілдехана үлкен тойы.
Көп арасы күмбірлеген күй басталды.
Жиынды Күпияның өзі басқарды.
Ат шаптырып, балуан күрес болып,
Жамбы атысып, күш сынасты ел жастары.
Кеш батса тіккен олар алтыбақан,
Таң атқанша тамаша шырқалды ән.
Төркінін сағынған қыздай болып,
Жиналған қыз-бозбала алқа қотан.
Той қызық үш күн болды шаттықпенен,
Келгендер кетіп жатыр әрбір жерден.
Күпия сыйлық берді ырым жасап.
Қарттарға ақсақалды әрбір елден.
Жанжігіт бір ай жатып болды жүрмек,
Жиенін құшақтады келіп жүр деп.

Қоштасып құдалардың бәріменен,
Білдірді құрметне ізгі тілек.
Қосшыларға мінгізіп бір-бір атты,
Тағы да құрметпенен шапан жапты.
Жүз жылқы көрімдік деп Жанжігітке,
Күпия шын көңілмен сыйға тартты.
-- Ердiң құны дейдi үлкендер жүз кара,
Алып келдiң бұл баланы бiзге ана.
Көп тапсырған отағасы бiздерге,
Күтiңдер деп алып келсе ортаңа.
Атапты ғөй Кәріжас деп баласын,
Жақындатқан алыс елдiң арасын.
Әрi құда, әрi жиен Жанжігіт,
Бұл сыйымды сыртқа теппей аларсың.
Ырза болып қошеметке қонақтары,
Сәттi күнi сәрсенбi жолға аттанды.
Күпия өзi бастап балалармен,
Бiр күндiк жолға дейiн шығарып салды.
Жанжігіт қоштасады бәріменен,
Ерiп келген жасы бар кәріменен.
Құшақтап жиенi мен Күпияны.
Сөйледi сөзi жұмсақ мәнi терең.
-- Ұялы көзге жас келсе,
Кiрпiгiн қақса төгiлер.
Сағынған жүрек шер бөлек,
Қабырғаң қатқан сөгiлер.
Жалғыз қалсаң туыстан,
Таппасың жақын елжiрер.
Қабағы тым құрысқан.
Жаманға жағынып телмiрер.
Жас айырылса жарынан,
Көп жүдемес жетiлер.
Кәрі айырылса қосағынан,
От басында еңiрер.
Жiбек талдай созылған,

Нәзік үн шерін ақтарар.
Боздағынан айырылған,
Шын махаббат қартта бар.
Ер жігітте бар екен,
Үш түрлі жұрт әуелден.
Алғашқысы туған ел,
Жер иіскеген денеңмен.
Екінші жұртың нағашың,
Қаны бірге анаңмен.
Жиеннің жоқ айырмасы,
Немере туған балаңмен.
Үшінші жұрт қайының,
Жарыңның шыққан төркіні.
Болмаса да уайымың,
«Күшік күйеу» сол міні.
Сол жұртыңның мен бірі.
Сағындырма жиен жан,
Келіп тұрғын тым жиі.
- Қажыма, құрбым. Күпия.
Сырымыз жоқ күпия.
Тапсырдым саған жиенді,
Ол балапан, сен ұя.
Шығарып сап қонақтарын қайтты бұлар,
Кенжесін иіскеп Күпия қанды құмар.
Бір күні балаларын жиып алып,
Бакытын әрқайсының болды сынар.
-- Ананың көңілі адал бұл әлемде,
Ықылас ұйым соның төңірегінде.
Баламнан балам артық дей алмаймын,
Сендерге осы күні мен де пенде.
Сендердің ортаңда мен үлкен ана,
Оның мейірімі артық аңсағанда.
Келген соң ортамызға Кәріжасым.
Тапсырдым ержеткенше таразына.
Бірінді бірін аңдып қорыма.

Қараңдар оң менен солына.
Кәріжасты алып мен көшпек едім,
Ержеткенше Сүйіндіктің колына.
Қуандық тұра келді болмайды деп.
Бәрінен мен үлкенмін көнбеспін тек.
Мәшелеп өзім ғана өсіремін.
Қаны бір туысын кім көрер жек?
Күпия көп отырды ойға қалып,
Әйтеуір, біреуіне баруы анық.
Бала жас өз бетімен қалар еді.
Тұңғышны көрсетіп тұр іш тарлық.
-- Ұлым-ау, мен әділдік айтайын.
Таласпаңдар, күр бекерге айқайың.
Иіремін қой асығын ортаға,
Таңдаңдаршы, әрқайсысың ұпайың.
Тентек еді ең үлкеі Қуандық,
Асық ойын ежелден ғой құмарлық.
-- Таңдадым деп төрт бейнесін асықтың.
Иіріңіз, – деді, -- ана, сыналық.
Сүйіндік жалт қарады анасына,
Не істеймін деген сыңай қарасында.
Не қалды таңдаған соң бұл асықтан.
Бүк, шігін, тәйкі менен алшысың да.
Ана күлді Қуандықтың қолқасына,
-- Сотқардан момын қозым қорқасын ба?
Момын жан сүйген құлы Тәңірімнің,
Ие бол, осы асықтың омпасына.
Алайын осы асықтың омпасын ақ,
Қуандық күш көрсетті маған бірақ.
Иіріңіз асықты ортамызға,
Көрейін бақытымды мен де сынап.
Балалардың тұрды ана ортасынан,
Қуандық мәз боп отыр сотқарсынған.
Күпия иіргенде қой асығын,
Тақыр жерге тұра қалды омпасынан.

Амалы құрып қалды Қуандықтың,
Бұза алмай шарт қойған ойын шырқын.
Маңдайынан анасы барып сүйді,
Деп: -- Кәріжас бәріңе туған тұқым.
Күпия Кәріжаспен көшкен екен,
Жеріне Сүйіндіктің еткен мекен.
Арқада ардақты жер Баян тауы,
Сыры көп шежіресі одан өткен.



Түсінік

Сопы деген сағым куган дәуіріш емес,
Молла, қажы, хазірет, диуана емес.
Үйренген біліміне берілген жан,
Қиянатсыз халқына болған жерлес.
Сопы деген ақ көңіл елге адал жан,
Оқыған заманында әр шаһардан.
Әр елдің дәстүр, салтын көзбен көрген,
Жаһан кезіп, жер шарын аралаған.
Мейрам сопы атанған жас шағынан,
Өйткені, әділдікке тек бағынған.
Сайраған сол дәуірдің шешен биі,
Оқыған білімділерден үлгі алған.
Ұрпағы алты рулы әр елдерден,
Алқабын Сарыарқаның мекендеген.
Қараөткел, Қарқаралы, Сұлу Баян,
Көкшетау, Асанқайғы, Керекумен.
Бір шеті Қызылжар мен Омбы аскан,
Жерімен Ұлы орыстың қоныстанған.
Қол қысқа аралауға көзбен көріп,
Іздесем жазар едім талай дастан.
Өзені Арқаның Нұра егіз Есілменен,
Қанағат халқы қылған Ертісіенен.
Жері бар талай өзен, көлді, бұлақ,
Ұрпағы Мейрам сопы өсіп-өнген.
Ғасырлар жасаған тау әсем биік,
Мұнартып бұлт астында тұрған тиіп.
Қоршаған тоғайы мен ну орманы,
Жан-жануар пана еткен жаны сүйіп.
Тобылғылы, карағанды жері жазық,
Көкорай шалғыны мол малға азық.
Бітік өскен егін жайы, бау-бақшалы.
Бұл күнде бәрімізге болған нәсіп.
Жазғаным жамағаттар ертегі емес,
Аңыз болған бір кезде өтірік емес.

Шежіре бірден бірге қалған тарих,
Ұрпағы артта қалған белгі елес.
Атадан ата қалған, ұрпақ қалған,
Бірінен бірі естіп жатқан алған.
Айып па шежірені хатқа жазған,
Олай болса, жазғаным емес жалған.
Мейрамнан ұрпақ қалған алты арыс,
Рулы ел осы кезде бізге таныс.
Болмаса шежіресі өткендердің,
Біреуден біреу естіп қалмас табыс.
Ұрпағы Қуандықтың Өмір, Темір,
Хан болған уағында елге не бір.
Есенқарт бұл үшеуі бәйбішеден,
Қарпық, Алтай тоқалдан кенже көпір.
Қарпықтың Көжей, Мәмбет, Тоқа ұрпақтары,
Сары су Нұра бойы тұрақтары.
Сүйіктісі Қуандықтың Алтай, Қарпық,
Қабыл болған ұрпағына баталары.
Рулы ел Темеш, Темір бектің балалары,
Бөріш жалғыз Өмір бектен жаралады.
Есенқарттың тұқымы Ағыс, Қалхым,
Негізі атасынан аз ұрпағы.
Сүйіндіктің баяндайын ұрпақтарын,
Екі ата Оразкелді, Токшора балаларын.
Орманшы, Құлболды, Жанболды, Мәжікпенен,
Кәріжас інісін де санағанмын.
Айдабол, Күлік, Ақбура, Тұлпар, Қабылан,
Ұрпағы төрт рудың емес жалған.
Мекендері Кереку, Баян жері,
Бір кезде Сырдан келіп, көшіп қонған.
Мәжіктен Малай сары әм Жәдігер,
Болыпты аталары ер жауынгер.
Жанайдар батыр болған бір ұрпағы.
Мекені Қостанайда біркелкі жер.
Ақбура мекендеген Шойын көлді.

Баласы Аккошкар, Кенже, Көкен әм Тілеулі.
Жанады Жасыбай батыр өжет туған.
Шойынды өзгертіпті Жасыбай көлі.
Бір ұрпағы Бегендік, Шегендіктен.
Қозған, Қаксал рулы ел деген екен.
Шұбыртпалы анасы бір болса да,
Бөлініп бұлардан бөлек кеткен.
Болаткожа ел атаған Қаракесек,
Жоңғардың туған қызынан емес өсек.
Ақша, Түйте балалары содан туған,
Осылардан рулы ел туып өсед.
Түйтеден туғандары төрт рулы ел,
Әліке, Сарым, Қара, Шор деген ер.
Ақшадан жалғыз туған Бошан,
Болыпты ішіндегі атқамінер.
Әлікеден Қойкел, Дос, Әлмұрат,
Өтеген, Сапақ және Есболат.
Осылар әр атаға бөлінеді,
Руынан Қаракесек жайып қанат.
Сарымнан Өтеміс және Тоқсан,
Қарадан сегіз ата бір төбе сан.
Қожас, Жарас, Бәркөз, Өтеп,
Тоқабай, Мұрат, Дүзен және Тоқан.
Шордан Дүйсенбай, Шекшек, Әйтімбет.
Тілеубай, Қожан әм Әлтөбет.
Бөлінген әр атаға рулы ел,
Түп тамыры бұлардың да Қаракесек.
Жанту, Таз, Байбөрі, Манат, Мошан.
Әкелері бұлардың батыр Бошан.
Жантудан Тоқтауыл жалғыз туған,
Одан үшеу Акбота, Қаработа, Торы атанған.
Өмірдің қилы-қилы заманында,
Атбасар төңірегін мекен қылған.
Мошаннан Кәрсөн, Керней, Қоныштағай,
Көшім де туған екен әлдеқалай.
Ерте өлген Таздан Наман би, Бұлбұл қалған,
Бұдан өрген артқыға ел бірталай.

Бес ұл тапқан Бұлбұлдан Қаракемпір.
Тағы да бес ұрпақты Құбакемпір.
Кенжесі бұл кемпірдің Шаншар атты,
Жасынан аты шыққан сөзге шебер.
Шаншардың үш әйелі болған екен.
Алсай туған бәйбішесі қыз бикеден.
Тінібек, Келдібек, Асырбек әм Жәнібек,
Туыпты бұл төртеуі Әйбикеден.
Нұрбикеден Тілеуке, Ақылбек, Тұрдыбек, Бергіс,
Мекендері бұлардың жағасы Ертіс.
Атақты Жарылғап батыр осылардан,
Бұлар да Қаракесек руы тегіс.
Атақты қаз дауысты би Қазыбек,
Балапан, Асан, Үсен әм Сәдібек.
Бөдене батыр туған алтыншы ұлы,
Бұлардың әкелері бір Келдібек.
Өшпейтін тарихтағы елдің аты,
Мекендеген рулы ел жердің аты.
Ғасырдан ғасыр өтіп жалғасатын,
Шежіре қала берген арғы заты.
Ондағы сөздердің мәні де көп,
Өткені шертілмейтін өмірде жоқ.
Білмесең ата-баба хикаясын,
Сенің де ұрпақтарға көмегің жоқ.
Атаны білген жақсы балаларға,
Атасыз өмір, шіркін, жарала ма?
Аймағы Сарыарқаның сансыз қала,
Мекенсіз жерде ел боп құрала ма?
Аяқтап естігенді иемін бас,
Демеймін дәл деп айтып, бәрі де рас.
Естіген соң, қариялардан жазып едім,
Айыпқа бұйырмандар, кейінгі жас.
Білмедім қателескен болса жырым,
Ұрпаққа мәлімсіз ғой бізге бүгін.
Қазақтың шежіресін еске салдым,
Түзетер тарихшылар білсе шынын.

Автордан: Біздің көрнекті ұлы ақынымыз, ұстаз ағамыз Әбділда Тәжібаев кезінде былай деген екен: «Біз аталарымыздың аузынан шыққанды жазып отыратын, олардың қолы мен көздері болдык. Олар хат білмейтін. Бірақ, домбыраға қосып, төгіп айтатын жыр нәсерлері таусылмастай алтын қазына еді».

Обекеннің осынау асыл сөзі тайға таңба басқандай әділ емес пе?! Олай болса, біз бабаларымыздың шежіре-тарихын неге жаңғыртып жалғастырмасқа?

Мен қолыма қалам алуды жас кезімде бастасам да, орта жолда ол қасиетімді жоғалтып алдым. Мүмкін, албырт жастықтың әсерінен түзу бағыттан адасқан болармын. Қазір ентігіп алпысқа келгенімде, өткен өмірдің өкініші білініп тұр. Артым өткініні жауған жанбырдай, алдым сағаттың соғысындай тым жылдам жылжып келеді.

«Мен білетін әлем сұлулығы – денсаулық» -- деген данышпан Гете. Бұл шындық. Бүгінде менің денсаулығым өзіме белгілі ғой. Күн сайын дерт дендеп барады. Ойлай-ойлай артыма шамам жеткенше, өрелі өлең, онегелі кара сөз қалдырмақшымын. Он жерден талпынғанмен, бірден акын бола алмайсың. Оның қасиеті өзінде екен. Ақындық өнер жастайынан сені еркіңе қоймай бағындырады. Мен бұл жағдайды өз басымнан өткіздім.

Мен бұл шежіре тарихты Саққұлақтың Олжабай-ұлынан, Байсалбайдың Ахметбегінен 1932-1933 жылдары естідім. Ол кездері біздер 6-7 жасар бала едік. Бір таяқты ат қылып, бір шыбықты қамшы ғып шауып жүрген шағымыз болатын. Ержеткесін осынау әңгімені өз әкемнен толық біліп алдым. Сөйтні, мүмкіндігінше, оны қағаз бетіне түсіріп отырмын.

Баттал Хасенұлы.

12 наурыз 1988 жыл – 20 наурыз 1990 жыл.

Мазмұны

Алғы сөз.....	5
Бастама.....	8
Шежіре деректері.....	10
Үш тайпа.....	16
Ел ағасы.....	22
Сарыарқа.....	25
Ұлы жүз.....	27
Құдалық сапар.....	29
Байназар елі.....	31
Елге қарай сапар.....	36
Нұржамал.....	44
Қуандық.....	46
Жыраудың естіртуі.....	49
Жетісу.....	54
Ел ішінде.....	56
Жорық.....	63
Қаркаба.....	69
Керуен сапар.....	72
Қыздың хаты.....	79
Мейрамның жауабы.....	81
Қыздың екінші хаты.....	83
Мейрамның қайғысы.....	89
Туған жерге қайту.....	91
Мейрамның ақырғы өсиеті.....	92
Мейрамның о дүниеге аттануы.....	94
Кәріжас ғың Арқаға келуі.....	95
Түсінік.....	102

Баггал Хасенұлы.

Шежіре-дастанды баспаға әзірлеп,
кітапты шығарушылар: Сәбит Жаңғылышбайұлы
және Рамазан Баггалұлы.

Баспаға 21.05.08 ж. Формат 60x84 1/32 Қағаз кітап-журналды.
Колемі 6.5 б.т. Таралым 3000. Бағасы келісімді. Тапсырыс №636

Қазақстан – Ресей Университетінің баспасы
100008. Қарағанды қ., Лободы көшесі,40

